29 қараша
МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 122 (571) // 7 қараша // сенбі // 2026 жыл

● ҚОНЫСТОЙ



Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

БАСПАНА – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Талғар ауданындағы Тұздыбастау ауылында 26 отбасы баспана бақытына кенелді. Пәтердің барлығы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға берілді. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Шыңғыс Әрінов қатысып, азаматтарға пәтер кілтін табыстады.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Қазіргі таңда Талғар ауданында 9 мыңнан астам тұрғын пәтер кезегіне тіркелген. Жыл басынан бері ауданда 259 азамат қоныстойын атап өтті. Одан бөлек, 72 отбасы бюджет есебінен несиеге берілетін баспанаға қол жеткізді.

Шарада Шыңғыс Сайранұлы алғашқы болып құттықтау сөз сөйлеп, баспана иелеріне ізгі тілегін арнады.

«Өз шаңырағының астында балашағаның шаттығына бөленіп, жақындарының ортасында алаңсыз ғұмыр кешу – адамның ең үлкен бақыты. Сондықтан халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету – алдымызда тұрған маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың жүгі де ауыр екенін жақсы түсінеміз. Азаматтардың уақытылы баспаналы болуы – бізге жүктелген үлкен жауапкершілік. Сол себепті бұл жұмысты бір сәтке де бәсеңдетпейміз», – деді аймақ басшысы.

«Отбасы банк» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Ләззәт Ибрагимова да тұрғындарға құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ бұл игі жобаға мұрындық болған облыс әкімдігі мен «Атамұра» құрылыс компаниясына ризашылығын білдірді. «Алдағы уақытта «Атамұра» ЖШС мұнда дәл осындай 8 тұрғын үй салуды көздеп отыр. Нәтижесінде жаңа 1500 пәтер бой көтереді. Болашақта бұл жер балалардың шат күлкісі естілетін бақыт мекеніне айналады деп сенеміз», – деді Ләззәт Еркінқызы.

Жаңа пәтердің иесі атанған тұрғынның бірі – жалғызбасты ана Жанна Құрманбекова. Ол бұл сәтті 20 жыл бойы күткенін айтты. Қазіргі таңда медицина саласында қызмет етіп, 3 баланы тәрбиелеп, асырап отыр. «Бүгін көптен күткен баспанаға қол жеткізіп, қуанышымыз қойнымызға сыймай тұр. Үйдің ішін аралап, көрдік. Екі бөлмелі пәтер кең әрі әдемі. Сапасы толық көңілімізден шықты. Осындай мүмкіндік сыйлаған жандарға алғысым шексіз», – деді тұрғын.

Талғар ауданы

БАСЫЛЫММЕН БІРГЕ БОЛ!

БАСПАСӨЗ – 2027

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2027 жылға газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	6103,44	5742,72	12206,88	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар	14792	11872,80	7326,72	23745,60	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5743,44	5382,72	11486,88	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

Таза Қазақстан

Қарасай ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында ағаш отырғызу акциясы өтті. Қаскелең өзенінің бойындағы «Жағалау» экопаркіне 70-ке жуық қарағай, аққайың және алма ағашы егілді. Шараға облыс басшылығы, еріктілер, тұрғындар мен экобелсенділерден құралған 50-ден астам адам қатысты.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНДЫ

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов те акцияға атсалысып, қоршаған ортаны көркейту бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру керегін атап өтті. Жалпы аумағы 1,2 гектар болатын саябақ 2300-ден астам жасыл желекпен көмкерілген. Олардың қатарында церцис, алма, алмұрт, шие ағашы, акация, шырша, қарағай, гортензия және өзге де өсімдік түрлері бар. Сонымен қатар балаларға арналған аймақ, воркаут, волейбол-баскетбол алаңы, амфитеатр салынып, 77 орындық пен қоқыс жәшігі, 108 жарық шамы орнатылған. Ағаштарды күтіп-баптау үшін суару желісі тартылып, өзен жағасының 700 метрі қоршалған. Алдағы уақытта бұлақ көзіне дейін 2 гектар аумақты абаттандыру жоспарланып отыр.

Шараға қатысқан облыс жастары мұндай игі жобаларға белсенді қатысатындарын айтты. «Өзіміз өмір сүретін ортаны көгалдандыру – баршамызға ортақ міндет. Бүгін отырғызылған көшет ертең мәуелі ағашқа айналып, тұрғындарға сая болады. «Таза Қазақстан» бағдарламасы тазалық шараларымен ғана шектелмейді. Бұл бастама ең алдымен экологиялық мәдениетті қалыптастыруды және ой-сананың тазалығын сақтауды көздейді. Сондықтан осындай шаралардан қалыс қалмау керек», – дейді Қарасай аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрбек Орманов.

Гүлзат АЗАТҚЫЗЫ
Қарасай ауданы



Жарқыраған мың күн
4 бет



Ерліктің ізі өшпейді
5 бет

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

ІС ПЕН НӘТИЖЕ





Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

ТҰРҒЫНДАРҒА ЕСЕП БЕРДІ

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов Балқаш ауданы тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыстардың есебін берді. Жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, іске асырылған жобалар мен олардың нәтижесі баяндалды. Сондай-ақ аудан халқын толғандырған сұрақтарға жауап беріліп, алдағы негізгі міндеттер айқындалды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Алдымен Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов халықтың әл-ауқатын жақсарту, кәсіпкерлікті қолдау және құрылыс қарқынын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Айтуынша, биыл негізгі капиталға 8 миллиард 723 миллион теңге инвестиция тартылып, бөлшек сауда айналымы 4 миллиард 577,4 миллион теңгені құрады. Аудан экономикасының негізгі тірегі саналатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 33 миллиард теңгеден асты. Биыл аудан бойынша 29 мың гектардан астам жерге егін егілсе, оның 4 мың гектарға жуығын күріш алқабы құрап отыр. Қазіргі таңда 16 117 тонна күріш жиналып, жиын-терін аяқталуға жақындады. Ал орташа өнімділік әр гектарына 41 центнерден айналуда. Сондай-ақ мал шаруашылығын жем-шөппен қамтамасыз ету мақсатында 160 900 тонна мал азығы дайындалды. Ауданда әлеуметтік осал топ санатына жататын жандарға арналған 207 пәтер салынып жатыр. Бақбақты, Ақдала, Жиделі ауылдарының ауызсу жүйесін қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмысы қараша айының соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар биыл Бақанас ауылының жаңа ықшамауданы мен Ақжар ауылына газ желісі тартылды. Денсаулық сақтау саласы бойынша Қарой ауылының дәрігерлік амбулаториясы және Көкжиде ауылының фельдшерлік-акушерлік пункті жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Кездесу барысында Шыңғыс Сайранұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Балқаш ауданындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Оның сөзінше, тоғыз айдың қорытындысына сай облыстағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 113,3 пайызды құрап, барлық негізгі салаларда өсім байқалды. Алда жалпы өңірлік өнім көлемін 7,5 триллион теңгеге жеткізу міндеті тұр. Бүгінде облыс аумағында жалпы құны 173,3 миллиард теңгені құрайтын төрт жаңа инвестициялық нысан іске қосылып, тағы бір ірі жобаның құрылысы басталды. Атап айтқанда, Іле ауданында «Carlsberg» және «PepsiCo» халықаралық компанияларының қатысуымен құны 160 млрд теңге болатын сусын өндіретін ірі зауыт іске қосылды. Кәсіпорын толық қуатына шыққан кезде жылына 1 млрд литрге дейін алкогольсіз сусын өндіре алады. Еңбекшіқазақ ауданында құны 8 млрд теңге болатын «КазЭкоДән» заманауи дәнді дақылдар кешені ашылды. Мұнда сақтау сыйымдылығын 120 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Кеген ауданында құны 2,5 млрд теңге болатын ет комбинаты жұмысын бастады. Кәсіпорын тәулігіне 10 тонна ет өңдеп, жартылай фабрикатталған 20 түрлі өнім шығаруға қауқарлы. Туристерге қызмет көрсету мақсатында құны 2,8 млрд теңгеге жуық «Compass Group» заманауи жол бойындағы сервис кешені ашылды. Жалпы аумағы 2 гектарды құрайтын нысанда жанармай құю стансасы, экспресс-маркет, дәмхана және демалыс аймағы бар.

Әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту мақсатында облыстық резерв қаражаты есебінен екі маңызды нысанды жаңғырту жұмысы қолға алынды. Атап айтқанда, Қонаев қаласындағы тәулігіне 300 адам қабылдайтын балалар емханасын қалпына келтіру және 640 орынды Шоқан Уәлиханов атындағы №2 мектеп-лицейді күрделі жөндеуден өткізу жұмысы басталды. Сонымен қатар Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасын жылумен тұрақты қамтамасыз ету үшін қуаттылығы 12 МВт болатын блок-модульді қазандықтың құрылысы жүргізілуде. Н. Тілендиев ауылында жедел жәрдем стансасы, учаскелік полиция пункті мен өрт сөндіру бөлімін бір ғимаратқа біріктіретін нысанның құрылысы аяқталып келеді.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де маңызды жобалар іске асырылуда. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағындағы автомобиль жолын кеңейту жұмысы қарқынды жүргізіліп, Қаскелең бағытындағы тасжолдың 26-27 шақырымында абаттандыру жұмысы атқарылуда.

Аймақ басшысы Балқаш ауданына қатысты мәселелерге баса назар аударып, Бақанас ауылындағы кинотеатр ғимаратының тарихи келбетін сақтай отырып күрделі жөндеуден өткізу, Балқаш аграрлық-индустриялық колледжінің жатақханасын жаңғырту және Бақбақты ауылындағы Жамбыл Жабаев атындағы №1 орта мектептің күрделі жөндеуін сапалы аяқтау бойынша нақты міндеттер жүктегенін айтты. Сонымен бірге Іле өзенінің жағалауын нығайту, «Тасмұрын» магистральды каналындағы су ысырабын азайтып, өткізу қабілетін арттыру, туризм мен ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларды зерделеп, мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы көмек көрсету бағытында да нақты тапсырмалар берілгенін жеткізді.

«Бұл жұмыстардың барлығы ауданның әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Берілген тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда болады», – деді облыс әкімі.

Жиын барысында аудан халқы жол сапасы, газ, жарық желісі, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы несие алу және ветеринария саласындағы мәселелер бойынша сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды. Мәселен, Ақжар ауылының тұрғыны былтыр елдімекенге газ желісі тартылғанын, бірақ әлі күнге көгілдір отынға қол жеткізе алмай отырғандарын жеткізді. Сала мамандары аталған жоба бойынша тиісті мердігер мекеменің бекітілгенін және келесі жылы үйлерге газ қосу жұмысына кірісетінін хабарлады. Аймақ басшысы облыстағы ауылдардың барлығын газбен қамту маңызды міндеттердің бірі екенін және ол үшін барлық мүмкіндік қарастырылатынын жеткізді.

Тағы бір тұрғын «Топар – Қаншеңгел» жолының тозығы жеткенін, жөндеу жұмысын қажет ететінін айтты. Жауапты тұлғалардың сөзінше, қазіргі таңда белгіленген мердігер мекеме өңірде жоспарға сай жұмыс жасап жатыр, алдағы 2-3 күнде аталған жолды қалпына келтіруді бастамақ. Бақанас ауылындағы Ы. Алтынсарин көшесін жөндеу жұмысы қанша жыл бойы созбаққа салынып, аяқталмай келеді. Аудан тұрғындары бұл мәселені де тездетіп шешіп беруді өтінді. Аталған жол бойынша қос бірдей мердігер жосықсыз деп танылып, бүгінде жоба қайта жасалып жатыр. Келесі жаз айында құрылыс басталады деп жоспарланып отыр.

Жергілікті кәсіпкер облыстық маңызы бар жолдың бойында қымызхана мен тамақтану орнын ашқанын, оны ары қарай дамыту үшін газ желісін тартуға және электр энергиясының қуатын арттыруға қолдау көрсетуді сұрады. Мамандар «Бизнесті қолдау жол картасы» бағдарламасы аясында бұл мәселені шешуге болатынын түсіндірді.

Жиын соңында Шыңғыс Сайранұлы тұрғындардың барлық сауалы тікелей бақылауында болатынын айтып, басқарма басшылары мен жауапты қызметкерлерге нақты тапсырмалар берді.

Аймақ басшысы сондай-ақ азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Балқаштық тұрғынның сөзінше, Қонаев қаласы мен Бақанасты жалғайтын автомобиль жолының сапасы сын көтермейді. Жыл сайын ауданға келетін туристер саны артып келеді, сондықтан жол инфрақұрылымын жақсарту кезек күттірмейтін мәселе екені белгілі. Қазіргі таңда жөндеу жұмысының жоспары дайындалған, ал құрылыс 2027 жылы басталады деп күтілуде. Бұдан бөлек, жолаушыларды автобуспен тасымалдауға субсидия бөлу жайы да талқыланды. Аудан тұрғыны халық санының аздығынан маршрут құны өзін-өзі ақтамайтынын жеткізді. Облыс әкімі бұл өтініш ескерусіз қалмайтынын, электробустармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруға болатынын атап өтті.

Тағы бір өзекті тақырып мобильді байланыстың сапасына қатысты болды. Бүгінде тұрғындардың шамамен 80%-ы Beeline операторының қызметін пайдаланады, бірақ интернет нашар жұмыс істейді. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы мәселенің түйіні инфрақұрылымға келіп тірелетінін түсіндірді. Қазіргі таңда келер жылға арналған байланыс сапасын жақсарту жобасы дайындалып қойған. Мәселе бірден оң шешімін табады деп айту қиын. Дегенмен жаңғырту жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Жеке қабылдауда болған азаматтар бұдан басқа да бірқатар мәселелерді алға тартып, оның шешілуі бойынша тұшымды жауаптар алды.

Балқаш ауданы

БАЙҚАУ

ЖОБА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қонаев қаласында «Заң және тәртіп» идеологемасы аясында «ҮЕҰ-ның азаматтық жауапкершілікті дамытуға қосқан үлесі» тақырыбында ұйымдастырылған Алматы облысындағы үздік әлеуметтік жобалар байқауы жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

● Ерзат АСЫЛ



Байқаудың негізгі мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың тиімді әлеуметтік бастамаларын қолдау, азаматтық жауапкершілікті арттыру және халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Байқау аясында Алматы облысының 23 үкіметтік емес ұйымынан барлығы 30 өтінім келіп түсті. Ұсынылған жобалар әлеуметтік маңыздылығы, өзектілігі, қойылған міндеттердің орындалуы және нәтижесі сынды бес негізгі критерий бойынша сараптамалық бағалаудан өтті. Конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған жеңімпаздар анықталды.

Осыған орай өткен марапаттау шарасында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Төлеген Кенжебеков әлеуметтік жобалардың маңыздылығын атап өтті.

«Үкіметтік емес ұйымдар сан түрлі саланы өркендетуге атсалысып келеді. Сондықтан оларды мемлекеттің сенімді серіктесі деуге толық негіз бар. Бүгінде олар еліміздің береке-бірлігін нығайтуға, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын іске асыруға белсенді үн қосуда. Қазіргі кезде үкіметтік емес ұйымдар, оның ішінде қоғамдық қорлар мен бірлестіктердің қатысуымен әртүрлі әлеуметтік маңызы зор жобалар іске асуда. Бұл бастамалар өз кезегінде мемлекет және азаматтық қоғам арасындағы сенімді арттырып, тұрақты дамуға ықпал етеді», – деді жеңімпаздарды марапаттаған Төлеген Жолмырзаұлы.

Байқауда үздік деп танылған «PARYZ ЕРІКТІЛЕРІ» жастар қоғамдық бірлестігінің «НАРКО STOP» жобасы 1 000 000 теңге, ал «VECTOR» жастар қоғамдық ұйымының «Қайда жүгінемін?», «Exclusive Fund» қорының «Үндемеудің құны» сынды құқықтық жобалары 700 000 теңгелік қаржылай сыйлыққа ие болды. Үздік жобалардың бәрі кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

«Буллинг – әлем бойынша көптеген бала мен жасөспірімдердің психологиялық және физикалық саулығына әсер ететін өзекті мәселе. Ол мектепте, көшеде, интернетте және кез келген ортада орын алуы мүмкін. Буллингтің құрбаны болған баланың өз-өзіне деген сенімділігі жоғалып, күйзеліске ұшырайды, кейде тіпті оның ауыр психологиялық зардабы да болуы мүмкін. Сондықтан балаларды буллингтен қорғау – әрбір ата-ана мен мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда балалар арасындағы буллингтің алдын алуға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған 100 бөлімнен тұратын анимациялық вебдеректі сериал түсіруді қолға алдық», – деді шарада сөз алған «Exclusive Fund» жеке қорының директоры Айдос Аманкелдіұлы.

Марапаттау рәсімі тәжірибе алмасу, үздік жобаларды талқылау және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту алаңына айналады. Шара барысында байқаудың барлық қатысушысы азаматтық қоғамды дамытуға, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырудағы белсенді қызметі және азаматтық жауапкершілікті нығайтуға қосқан үлесі үшін облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Қонаев қаласы



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Облыстық әкімдікте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыру бағытында аймаққа жұмыс сапарымен келген республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен жиын өтті.

● Ерзат АСЫЛ

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев Президенттің кезекті Жолдауында еліміздің алдағы уақытта даму бағытын айқындайтын стратегиялық міндеттердің белгіленгенін атап өтті.

Кездесуде сөз алған ҚР Құрылтайы І шақырылымының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Ләззат Жылқыбаева Жолдауда айтылған әлеуметтік салаға қолдау көрсету бойынша бастамаларды сөз етті.

«Президент Жолдауында ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін арттыру бастамасы көтерілді. Бұл – халықтың табысын арттыруға және әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытуға, мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыруға ерекше мән берілген. Бұл шаралар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді», – деді Ләззат Әуесханқызы.

Мемлекет басшысының кезекті Жолдауындағы құндылықтар жайлы ой толғаған ҚР Халық кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп стратегиялық құжаттың ел болашағы үшін маңызына тоқталды.

«Жолдаудағы басым бағыттардың бірі – өңірлерді дамыту. Алматы облысы ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, транзиттік әлеуеті жағынан зор мүмкіндіктерге ие. Сонымен қоса әлемдік жоба саналатын Алатау қаласы да Алматы облысында ірге тепкен. Онда жүзеге асатын бастамалардың барлығы аймақ әлеуетіне оң серпін береді», – деді Нұртөре Байтілесұлы.

Президент Жолдауындағы басым бағыттардың бірі – инфрақұрылымды жаңғырту, орта және шағын бизнеске қолдау көрсету. Жиында бұл жайында да кеңінен сөз қозғалды. ҚР Қаржы министрінің орынбасары Әсет Тұрысов Ұлттық қордан бөлінген қаржы әлеуметтік салаларға бағытталатынын жеткізді.

«Ұлттық қордан бөлінетін 1,5 триллион теңгеге заманауи емханалар мен мектептер мен өзге де әлеуметтік нысандар салынады. Бұл қаржы ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды», – деді вице-министр.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев өңірде 2025 жылы 14 250 оқушыға арналған 18 мектеп пайдалануға берілсе, биылғы оқу жылы қарсаңында 4 200 орынға шақталған бес жаңа білім ошағы ашылғанын, одан бөлек 10 мектеп күрделі жөндеуден өткенін атап өтті.

– Денсаулық сақтау саласында 2025 жылы 43 нысан пайдалануға берілді, оның 37-сі ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту ұлттық жобасы аясында салынды. Сонымен қатар 5 нысанда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Биыл 2 денсаулық сақтау нысаны ашылды, – деді ол.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, өзекті мәселелерді де көтерді.

Бұдан соң республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Қонаев қаласындағы орта мектеп-гимназиясында білім саласы қызметкерлерімен кездесті. Жиынды Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Қайрат Жұманов ашып, Мемлекет басшысы Жолдауда білім беру сапасын арттыруға, мектеп инфрақұрылымын дамытуға, инклюзивті білім беруді жетілдіруге және педагогтердің кәсіби қызметіне қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударғанын атап өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева Президент Жолдауындағы негізгі бағыттарға, оның ішінде білім саласының алдында тұрған міндеттерге тоқталып өтті.

Келесі кезекте сөз сөйлеген Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп цифрлық дәуірдегі жас ұрпақ тәрбиесі туралы тұшымды ойларын ортаға салды. ҚР Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов Президент Жолдауында ел экономикасына серпін беретін, қаржы нарығын реттейтін бастамаларға, сонымен қоса инвестиция тартуды үйлестіру мәселесіне баса назар аударылғанын атап өтті.

Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Қонаев қалалық Мәдениет үйінде де өңір халқымен кездесті. Жиынды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы ашып, Жолдауда көзделген міндеттерді толыққанды жүзеге асыру ел экономикасын арттыруға және мемлекеттің тұрақты дамуына оң ықпал ететінін алға тартты.

Жүздесуде сөз алған Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева әлеуметтік саланың маңызына тоқталып, ондағы өзгерістерді баяндады. Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп Президент Жолдауында халықаралық геосаяси жағдайдағы сын мен қатер ескерілгенін айтты. Сонымен қоса ол «Халықтық құрылыс» бастамасына айрықша тоқталды. ҚР Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов Мемлекет басшысының кезекті Жолдауында айқындалған орта және шағын бизнесті қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту жобаларын кеңінен сөз етті.

Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы Қонаев қаласындағы кардиологиялық орталықта жалғасты. Басқосуда Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева Жолдаудағы дәрігерлердің мәртебесі мен әлеуметтік жағдайын арттыру, медициналық білім беру сапасын жақсарту, оқу гранттарын бөлу жүйесін жетілдіру және денсаулық сақтау саласына жасанды интеллектіні енгізу жөнінде берген тапсырмалары туралы ойын ортаға салды. Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп Мемлекет басшысы медициналық қызметтердің сапасын көтеру, жаңа тұрпаттағы білікті медицина қызметкерлерін даярлау мәселелеріне мән беріп отырғанын жеткізді. ҚР Қаржы вице-министрі Әсет Тұрсынов Жолдауда белгіленген экономикалық міндеттерге тоқталып, халықтың нақты табысын арттыру, инфляцияны тежеу, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Кездесу аясында ақпараттық топ мүшелеріне кардиологиялық орталықтың жұмысы таныстырылды.

Жұмыс тобының мүшелері облыстық жастар ресурстық орталығында да болды. Мұнда Жолдаудағы жаңа бастамаларды сөз еткен Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева 2027 жыл «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жарияланғанын, басты назар инфрақұрылымды дамытуға аударылып отырғанын, бұл келешек ұрпақтың қамы үшін қолға алынып жатқан іс екенін айтып өтті.

Басқосуда Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп жастардың өмірлік мақсаты материалдық қажеттіліктерді өтеумен ғана шектелмеуі керек екенін айтып, ішкі бірлік пен сапалық өсу бірінші орынға шығуы керегін алға тартты.

ҚР Қаржы министрінің орынбасары Әсет Тұрысов әрбір жас өзгерістердің белсенді қатысушысы бола алатынын, ол үшін білімге ұмтылып, жаңа дағдыларды меңгеріп, елге пайдалы бастамаларды жүзеге асыруға атсалысуы қажеттігін жеткізді.

Жиынға қатысушы жастар спикерлерге тікелей сұрақ қойып, өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын жеткізуге мүмкіндік алды.

Қонаев қаласы

Облысымызға іссапармен келген республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Қарасай ауданында болып, Жолдауда белгіленген басым бағыттарды түсіндіру бойынша өңір тұрғындарымен кездесті. Басқосуға Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, ҚР Құрылтайы І шақырылымының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Арман Жансеңгіров және Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Нұрсұлтан Орынбасаров қатысты.

БАСЫМ БАҒЫТТАР ТҮСІНДІРІЛДІ

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қаскелең қаласындағы Мәдениет үйінде өткен жиынды облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев ашып, жүргізіп отырды. Кездесуде жұмыс тобының өкілдері сөз алып, Президент Жолдауында еліміздің энергетика, білім беру мен денсаулық сақтау, әлеуметтік салаға қатысты көтерілген маңызды міндеттерге кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау, білім беру инфрақұрылымын жетілдіру және мұғалімдердің жұмыс жүктемесін азайту мәселелеріне назар аударылды.

Жиын барысында сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту, маман тапшылығын азайту және балалардың диагнозын ерте жастан анықтау жұмыстарының маңыздылығы айтылды. Кездесуге қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, арнайы келген қонақтармен ашық пікір алмасты.



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

Осындай алқалы басқосу аудандық кітапханада да өтті. Негізінен медицина қызметкерлері жиналған бұл кездесуді аудан әкімінің орынбасары Азат Жандосов ашып, жүргізіп отырды. Ал кездесу қонақтары Қайырхан Серікұлы, Арман Серікұлы және Нұрсұлтан Жұмабайұлы Жолдауда көтерілген мәселелерді жан-жақты талқыға салды. Сондай-ақ әлеуметтік қорғау саласының өкілдерімен бірлесіп, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, атаулы көмектің тиімділігін арттыру, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға жағдай жасау және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері сөз болды.

Президент Жолдауында денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытуға ерекше назар аударғаны белгілі. Атап айтқанда, елімізде сегіз заманауи перинаталдық орталық пен жеті көпбейінді балалар ауруханасын салу жоспарланған. Олардың қатарында Қаскелең қаласы да бар. Бұл бастама аудан тұрғындары үшін балаларға көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және медициналық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған маңызды қадам болмақ. Сонымен қатар Мемлекет басшысы алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту, қызмет сапасын арттыру және сала мамандарын қолдау, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту міндеттерін атап өтті.

Шамалған ауылының Мәдениет үйінде өткен жиында Жолдаудың экономиканы қайта құруға, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға және еліміздің егемендігін нығайтуға бағытталғаны ерекше атап көрсетілді. Құжаттың негізгі жаңалықтарының қатарында ең төменгі жалақыны 110 мың теңгеге дейін көтеру, 2027 жылдан бастап кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий енгізу, «Халықтық құрылыс» жобаларын жүзеге асыру үшін 2029 жылға дейін Ұлттық қордан 6,5 триллион теңгеге дейін қаржы бөлу және басқа да маңызды бастамалар бар.

Шамалған ауылына келсек, мұнда тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне барлық жағдай жасалған. Ауылда мектептер, колледж және аудандық мәртебесі бар аурухана жұмыс істейді. Сондай-ақ кезінде мұнда «Ана нұры» мәдениет және демалыс саябағы абаттандырылып, «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы мен «Үшқоңыр» ірі көпфункционалды спорт кешені салынған. Жолдардың сапасы мен үйлерге табиғи газдың тартылуы да көңіл қуантады.

Осыдан кейін ақпараттық топ мүшелері Шалқар ауылына ат басын тіреді. Ауыл тұрғындары қатысқан кездесу барысында Жолдауда айқындалған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, энергетика саласын жетілдіру, халықтың әл-ауқатын арттыру және өңірлердің өзекті мәселелерін шешу бағыттары талқыланды. Тұрғындар да өз тарапынан сұрақтар қойып, толымды жауаптар алды.

Қарасай ауданы

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ҚОЛДАУ ЗОР

Іле ауданының Өтеген батыр ауылында Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіруге арналған жиын өтті. Ауданға атбасын тіреген республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері алдымен Өтеген батыр ауылындағы Мұқағали Мақатаев атындағы №13 орта мектепте ұстаздар қауымымен және әлеуметтік сала мамандарымен жүздесті.



● Құралбек СӘБИТОВ

Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты халыққа Жолдауын түсіндіруге арналған жиынды аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов ашып, жүргізіп отырды.

Мектептегі келелі басқосуға Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Тұяқбаев, ҚР Құрылтайы І шақырылымының депутаттары Жанарбек Әшімжан мен Мейраш Шынасылова, Іле аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Мәден Мұсаев қатысты. Жиында Мемлекет басшысы Жолдауда көтерген басты басымдықтар сөз болды. Әсіресе халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру, еңбек қатынастарын реттеу, жұмыспен қамту және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелеріне мән берілді.

Алғашқы болып сөз алған Жанарбек Садықанұлы Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген негізгі басымдықтарға кеңінен тоқталып өтті.

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы – елдің ертеңін бағамдап, бүгінгі міндеттерді нақтылауға бағытталған маңызды құжат. Онда қоғамның сұранысы мен уақыт талабынан туындаған өзекті мәселелер қамтылған. Әсіресе экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, білім мен ғылымды жетілдіру, цифрландыру және мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағыттарына ерекше мән берілген. Бұл міндеттердің барлығы, түптеп келгенде, қарапайым халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталып отыр. Жолдаудың маңыздылығы – онда белгіленген міндеттерді қағаз жүзінде қалдырмай, нақты іске айналдыруда. Сондықтан әрбір азамат оның мазмұнын түсініп қана қоймай, ел дамуына өз үлесін қосуға ұмтылуы қажет, – деді ол.

Бұдан кейін сөз алған Құрылтай депутаты Мейраш Шынасылова кәсіпкерлікті қолдау, шағын және орта бизнестің әлеуетін арттыру, азаматтардың өз ісін ашуына жағдай жасау мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, кәсіпкерлік – экономиканың қозғаушы күші ғана емес, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын қалыптастырып, халықтың табысын арттыруға ықпал ететін маңызды сала.

– Ел экономикасының тұрақты дамуы үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау айрықша маңызды. Шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсету, олардың бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беру – экономикалық өсімнің негізгі тетіктерінің бірі. Әрбір өңірдің өзіндік мүмкіндігі мен әлеуеті бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, жергілікті кәсіпкерлердің жұмысын жандандыру қажет. Кәсіпкерлік дамыған жерде жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың табыс көзі көбейеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелердің шешілуіне де оң ықпал етеді. Сондықтан мемлекет тарапынан ұсынылып отырған қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, азаматтарды өз ісін бастауға, кәсібін кеңейтуге ынталандыру маңызды. Әсіресе ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға басымдық берген жөн. Өйткені ауыл экономикасының нығаюы – тұтас өңірдің дамуына жол ашады, – деді Мейраш Шынасылова.

Кездесуде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Тұяқбаев әлеуметтік төлемдер жүйесі, халықты әлеуметтік қорғау шаралары, еңбек нарығындағы өзгерістер және ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты мәселелерді кеңінен тарқатты. Ол әлеуметтік саясаттың басты мақсаты – азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту, көмекке мұқтаж азаматтарды қолдау және еңбек адамының табысын арттыру екенін атап өтті. Вице-министр өз сөзінде әлеуметтік төлемдердің тағайындалу тәртібі, мемлекеттік қолдау шараларының бағыттары мен еңбек қатынастарындағы өзгерістерге тоқталып, ең төменгі жалақы мөлшерінің азаматтардың тұрмыс деңгейіне тікелей ықпал ететінін жеткізді.

Осы реттегі Президент Жолдауында айқындалған міндеттерді халыққа түсіндіру және тұрғындардың ұсыныс-пікірін тыңдау мақсатындағы жиын Іле аудандық ауруханасында, Өтеген батыр ауылындағы №7 орта мектепте, Байсерке ауылындағы №28 мектеп-гимназиясы мен №12 орта мектепте өтті. Жиынға белсене қатысқан өңір тұрғындары, білім, денсаулық сақтау саласының мамандары ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелеріне сұрақтарын қойып, өздерін толғандырған мәселелерді алға тартты.

Іле ауданы

КЕЛІҢІЗ, КІТАП ОҚИЫҚ!



Жарқыраған мың күн

Соғыс – дүниедегі ең ауыр қасірет. Оның жалыны талай жүректі күл қылып, талай тағдырдың тас-талқанын шығарады. Бұл – бір адамға ғана төнген зауал емес, тұтас бір ұлттың, халықтың тоз-тозын шығарып, өмірін ойрандайтын қасірет. Халед Хоссейнидің «Жарқыраған мың күн» романы дәл осы соғыстың Ауған жұртына тигізген зауалын аянық әшкерелейді.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Алдымен шығарма авторына аз-маз тоқтала кетейік. Халед Хоссейни Ауғанстанның Кабул шаһарында ауқатты отбасында дүниеге келген. 11 жасында әкесі Париждегі Ауғанстан Елшілігіне жұмысқа тұрып, қоныс аударады. 1980 жылы елге оралар шақта төңкеріс болып, Кеңес әскері Ауғанстанға кіреді. Халедтің отбасы АҚШ-тан саяси баспана алып, бас сауғалайды. Ең қызығы, Х. Хосейни Калифорния университетінде медицина саласы бойынша білім алады. Дәрігер болып жұмыс істей жүріп, романдарын жазып, жарыққа шығарады. Сірә, халқының басына төнген нәубетті қағазға түсіріп, шындықтың бетпердесін түруді парызы санаса керек. Бұл тақырыпқа жазған бірнеше шығармасы бар. Алғашқы болып жарияланған «Батпырауық қуған бала» романы бірден бестселлерге айналып, оқырманның ерекше ықыласына бөленді. Сын айтушылар да табылды. «Оның туындыларының бәрін оқып шығудың еш мәні жоқ, себебі автор өз шығармаларына ешқандай жаңалық қоспайды», – деп пікір білдіргендер де бар. Меніңше, Ауған жұртының әрқайсының тағдыры, мұң-шері – том-том кітапқа арқау боларлық, қанша жазсаң да, тауысып бітпейтін тақырып. Ал Халед Хоссейни «Жарқыраған мың күн» романында әйел тағдыры арқылы бұл зұлматтың өтеуі қаншалықты ауыр болғанын бейнелейді.

Нана – Мәриям – Ләйлә – Әзиза. Төрт түрлі нәзік жандының бірінен-біріне алмасқан тағдыр шырғалаңы, әділетсіздік соққысын жеген шарасыз халі көзіңді еріксіз жасқа, жаныңды мұңға толтырады. Дәл осы шырмалған тағдыр түйінін қалай тарқатуға болады? Шарасыздықты қалай шорт кесуге болады? Әйел затын мұндай сұмдыққа душар етіп, көнуге мәжбүрлеген кім?

Әңгімені әріден бастайық. Некесіз туған Мәриям анасы Нанамен жұрт көзінен таса, кішігірім лашықта өмір сүреді. Жалғыз досы – Файзулла молда оған Құран сүрелерін жаттатып, сауатын ашып, шынайы жанашыр болады. Ал әкесі Жәлел әр аптаның бейсенбісі қызын көруге келеді. Бұл күнді Мәриям тағатсыздана күтетін еді. Оның көңіліндегі қызығушылық бір тұтам лашыққа сыймай, кең әлемді, қаланы, өзге бауырларын көргісі келді. Мұны әкесіне айтқанда, ол мұны құп көрмейді. Бар өмірінің мағынасы қызы болған Нана да қатты қарсылық көрсетеді. Мәриям Герaтқа, ондағы әкесінің зәулім үйіне өзі баруға бекінеді. Ал Жәлел терезеден сығалағаннан басқаға батылы бармай, қызын түнде есігінің алдына түнеуге мәжбүр етеді. Оның әкесі Мәриям ойлағандай керемет адам емес екен. Көңіліне жеккөрініш сезімін буып қайтқан ол үйіне келгенде, анасының асылып өлген сұлбасын көреді. Содан әкесі мен өгей шешелері 15 жастағы қызды 40-тағы ер адамға күйеуге беріп, Мәриям Кабул шаһарына келеді. Қит етсе, бәле іздеп, қатігездікке көмілген Рашид оған ұрып-соғу мен қиянаттың түр-түрін көрсетеді. 6 баласы шетінеп, сәби сүйе алмайтын жағдайға жетеді. Рашидтің қатігездігінің шегін мына оқиғадан бағамдауға болады: Мәриямның жасаған тамағын ұнатпай, сол үшін «жазасын» бермек болады. Мұздай тасты аузына тығып, аузы-басын қанға бөгіп, тісін сындырады. Ал Мәриям сынған тісін алақанына түкіріп, түнекке айналған тағдырына көндігуден басқа амалы қалмай қала береді.

Шығарманың екінші бөлімінде Ләйлә мен Тарых есімді балалықтың жайдары күнін өткізіп жатқан қос кейіпкер сахнаға шығып, туындыға аз да болсын жылылық дарытады. Үйлері көрші орналасқан Ләйлә мен Тарых тай-құлындай тебісіп бірге өседі. Бірақ күн жылжып, жыл өткен сайын олардың достық сезімі ұлы махаббатқа ұласады. Ләйләнің әкесі оқыған-тоқығаны мол білімге құмар адам еді. Қызын да соған баулып, зерек қылып өсіреді. «Бұл соғыс біткенде, Ауғанстан сендерге еркектерге мұқтаж болғандай мұқтаж болады. Бәлкім, саған тіпті де зәру болатын шығар. Себебі әйелдері білімсіз елдің аспаны мәңгі қараңғы, Ләйлә». Бұл Хәкімнің ағынан ақтарыла айтқан шындық сөзі еді. Ал анасы Фарибе алдыңғы екі ұлының соғыста із-түзсіз жоғалғаны жанына батып, дүниеден баз кешеді. Сол қайғының шырмауына оратылып, Ләйләні көзге де ілмейді.

Соғыс өрті ауған халқын аяған жоқ. Ақыры Кабулға да жетіп, жалыны бүкіл шаһарды жайлады. Жан түршіктірер көрініске көндігіп, адамдар өлместің күйін кешіп жатты. Жарылыстан жан-жаққа шашылған тән мүшелерін жинап жүрген тірі жандар, бір-бірін аяусыз атқылаған қарулылар, жанары жәутеңдеп жетім қалған бүлдіршіндер – мұның бәрі Кабулдағы соғыстың сойқанын суреттейтін сұм бейнелер. Атыс-шабыс пен жарылыс үй-жай мен ғимараттарды талқандап қана қойған жоқ. Бұл адам жүрегіндегі үміт пен сенімнің, өмірге деген құштарлықтың күл-паршасын шығарды. Қираған үйіндімен бірге қаншама жанның көңіліндегі жан жылуы бірге көмілді. Жалт-жұлт етіп, атыс жарығы жанғанда, көңіл сәулесі сөнді. Аспан мен жер теңселіп, айнала астан-кестең болғанда, жүрек дүрсілі дамылдап, мәңгі тыныштық тапты.

Осылайша, соғыс қасіретінен құтылғысы келген халық Ауғанстаннан көше бастайды. Бұл Ләйлә мен Тарыхтың да екіге айырылуына себеп болды. Махаббат шарапатына малынып, дүние-әлем күлгін түске боялғанда, қара түнек жаһанды қайта жайлап, өмір соққысы көкірекке келіп қадалды. Әуелі Тарыхтың отбасы кетті. Артынан Ләйләнің да үй-іші қоныс аударуға бекінді. Бірақ ойламаған жерден жарылыс болып, Ләйлә ата-анасынан айырылып, тұл жетімге айналды. Көзін ашқанда, Рашид пен Мәриямның үйіне тап болғанын көреді. Тарыхтың өмірден өткенін естіп, дүниені дүрліктірген дүрбелең жайлап тұрғаны тағы бар, Рашидтың жары болуға келіседі. Құрсағындағы сүйіктісінен біткен, махаббатының жалғыз белгісі болған шарананы аман сақтап қалуды ойлайды. Ең өкініштісі, ол да Рашидтің тепкісіне көнуге мәжбүр болады.

Романның үшінші бөлімінде Мәриям мен Ләйләнің кешкен күйі алма-кезек баяндалып, қос тағдырдың түйіскенінен хабар береді. Әуелде екеуінің арасында салқындық сезілгенімен, уақыт өте келе бұл сезім анасы мен қызының арасындағы жанашырлыққа алмасады. Күндердің күні олардың үйіне ойламаған жерден, өлдіге санаған Тарых кіріп келеді. Сонда ғана Ләйлә күйеуінің алдауына сеніп қалғанын түсінеді. Екеуінің кездесіп, сөйлескенін білгенде, Рашид Ләйләні өлімші етіп сабай бастайды. Мұны көрген Мәриям араша түскенімен, ештеңе шықпайды. Ақыры, қорадағы күректі әкеп, ұрғанда, Рашид бірден жан тапсырады.

«Жер қатты әрі қорқынышты сілкінетін сияқты. Алайда біз бетінде болғанымыз үшін сол тербелістің аз бөлігін ғана сезінеді екенбіз. Жеңіл ғана». Дәл адамның жандүниесі секілді. Жанның терең қатпарларында әркімнің өз мұң-шері жасырынып жатады. Ол астан-кестең төңкеріліп жатса да, құйын ойнап, аласұрып жатса да, оның лебі өзгелерге жеңіл ғана білінер. Тіпті мүлде сезілмес. Тіршілік кешкен пенде баласының көңіл кірбіңінен адасы жоқ. Алып таудың салмағындай ауыртпалық пен өктем желдің дүниені шыр айналдырар желігендей өкініште іште бүгіп, үн-түнсіз жүре береді. Күндердің күні сол тұл сезім тәнге сыймай, төгіліп түседі. Мәриямның да бұл қылығын дәл осындай жағдайдан әрі шарасыздықтан туған іс деп бағалағым келеді.

Бұл «қылмысынан» соң Мәриям өлім жазасына кесіледі. «Осы бір соңғы минуттарда Мәриям көп дүниені армандады. Көзін жұмғанда тұла бойын өкініш емес, қамсыздық пен тыныштықтың жылы лебі шарпыды. Мына дүниеге шата, артық пенде, жабайы шөп болып келіп, енді, міне, бір әйел жұртқа мейір-махаббатын бағыштаған, басқалардың да сүйіспеншілігіне бөленген адам ретінде бұл дүниемен қоштасқалы тұр. Ол – біреудің досы, серігі, қамқоршысы, анасы! Өмірін мағыналы өткізген опалы жан. Мәриямның өмірі құрметке лайық өмір. «Харами» болып басталып, қадір, салауатпен аяқталған өмір». Бәлкім, мәнді ұмыр бұл әлемге қаншалықты пайдалы болып, адамдарға қаншалықты мейірім төге алғаныңмен өлшенетін болар. Дүниеде сонша қасірет көріп, бірақ сонда да жүрек тазалығын сақтай алу, өзгенің бақыты үшін өзіңді құрбан ету – өмірдегі ең ұлы ерлік. Соның арқасында Ләйлә сүйіктісіне қосылып, өзі қалаған бақытты өмірге қол жеткізіп, Пәкістанға қоныс аударады.

«Ол әр ауғандықтың әңгімесі өлім мен қайғы-қасіретке толы екеніне қайран қалды. Дегенмен сол адамдар қапысын тауып, өмір сүре беруге тырысады». Бұл – шығарманың төртінші бөлімінде соғыстың кесірінен жақындарынан айырылған жанның әңгімесін естігенде, Ләйләнің санасына келген алғашқы ой. Дәл осы сәтте ол Муридағы тыныш өмірін тастап, жарылыс жайлаған өз еліне қайтып келе жатты. Себебі Кабул әкесі айтқандай, Ләйләға ауадай мұқтаж еді.

Кейде адамның ішінде бұғып жатқан сезімдер қоғамда бекітіліп қойған негізсіз нормалардың кесірінен тұншығып қалады. Жәлелдің қызына деген махаббаты іспетті. Ел-жұрт қалай қарайды деген қауіппен некесіз туған өз перзентін ел алдында мойындауға батылы жетпеді. Бұл Мәриямның тағдырына қыл арқанды байласа, Жәлел үшін мәңгілік өкінішке айналады. Кейін қателігін түсініп, қызын іздеп келгенде, тас терезе екеуінің арасын тағы да бөлді. Бұл жолы терезенің ар жағынан сығалап тұрған Жәлел емес, Мәриям еді. Бірақ оның көңілінде «Неге келді екен?» деген сұрақ мәңгі белгісіз болып қалып, бақылыққа аттанып кетті. Туған жеріне оралған Ләйлә ең алдымен Мәриямға алдырмаған осы сырды білмекке бел байлайды. Сол үшін әуелі бала кезінде ең жақын адамы болған Файзулла молданың үйіне барады. Ол да өмірден өткен екен. Дегенмен Жәлелдің Мәриямға қалдырған ең соңғы аманатына қолы жетеді. Осылайша, Ләйлә өмірден өткен әкесі мен қызы арасындағы өкініш пен реніштен үзілген қылкөпірді қайта жалғайды. Кабулға келіп, балалардың сауатын ашады. Тарых екеуі жетімдер үйінің іші-сыртын ретке келтіріп, құрал-жабдығын толықтырады. Қаншама үміт пен үрейдің арасында өмір сүрсе де, туған жер әрқашан ыстық. Ләйлә оны соғыстан тоз-тозы шыққан қалпында жақсы көреді, оның алға жылжуына тамшыдай болсын үлес қоса алғанына риза болады.

«Ай сәулесі шатырда, айдың сәнін кім білген,
Жарқыраған мың күн де қабырғадан көрінбес».

Шығармадағы берілген Саиб әл-Табризидің бұл өлең жолдары романның түпкі мәніне терең үңілдіреді. Бәлкім, Ләйлә үшін, ауған халқы үшін шатыр төбесіндегі ай да, қабырға сыртындағы жарық күн де көзге көрінбес мекенге аттанған Мәриям болған шығар. Оған романдағы мына бір жолдар дәлел.

«Мәриям әрқашан өзімен бірге. Оның рухы қайта сырланған қабырғаларда, балалардың қол-аяғын жылытқан жылы көрпелерде, жастықтарда, кітаптар мен қаламдарда. Мәриям сол балалардың күлкісінде, Әзизаның намазда оқыған аяттарында, ең маңыздысы – ол Ләйләнің жүрегінде, оның жүзіне түскен жарқыраған күн сәулесінде».

«Оқ пен өзімшілдік бірлескенде, кесапат әкеледі», – дейді роман кейіпкері. Бұл тұтас шығарманың бірауыз түйіні іспетті.

Халед Хоссейни шығарманың соңын барлық қиындықты жеңіп, мұратына жеткен баянды сюжетпен аяқтайды. Меніңше, шынайы өмірде мұндай мүмкіндікке қолы жеткендер аз. Дегенмен автор осы арқылы оқырманды жақсылықтан үміт үзбеуге шақырады. Қара қапастан жарыққа шығар күннің туатынына сендіреді. Бұл мұратқа жеткізетін ұлы сезім – махаббат екенін қаперге салады. Себебі қатыгездікті махаббат қана жеңе алады.

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

Білім — таусылмайтын байлық



Алатау қалалық кітапханасы «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонын насихаттау аясында «Еңбек» ықшамауданындағы №7 орта мектеп оқушыларымен танымдық кездесу ұйымдастырды. Мақсаты – оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыру, жас ұрпақты білімге, ізденіске және рухани құндылықтарды құрметтеуге баулу.

Кездесу барысында кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызы, кітап оқудың пайдасы және оның жас ұрпақтың ой-өрісін дамытудағы рөлі туралы айтылды. Оқушыларға кітапты тұрақты оқудың білімді тереңдетуге, тіл байлығын арттыруға, сауатты сөйлеуге және өз ойын еркін жеткізуге ықпал ететіні түсіндірілді. Сонымен қатар оқушыларды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен танысуға, ұлттық әдеби мұраны бағалауға және бос уақыттарын пайдалы өткізуге шақырды.

«Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны – қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға, кітаптың беделін арттыруға және жас ұрпақты кітаппен дос болуға үндейтін маңызды бастама. Осындай игі шаралар арқылы оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы, білімге құштарлығы арта түседі. Алатау қалалық кітапханасы алдағы уақытта да кітап оқу мәдениетін насихаттауға, оқырмандар қатарын көбейтуге және жас ұрпақтың рухани дамуына бағытталған жұмыстарды жалғастыра береді. Кітаппен дос болған жас ұрпақтың ойы озық, рухы биік, болашағы жарқын болмақ!

Аида СЕГІЗБАЕВА,
Алатау қалалық кітапхана қызметкері

ТАҒЗЫМ

ЕРЛІКТІҢ ІЗІ ӨШПЕЙДІ



Жалпы халқымыздың өткенге деген өнегелі үрдісіне көңіл толады. Есімізге арғы-бергі тарихты бізге жеткізген ғалым, шежіреші Қазыбек бек Тауасарұлының: «Мен дүниеде өз жұртымнан асқан ел бар деп танымаймын», – деген сөзі түсті. Расында, қазақ ерекше халық, ынтымағы мен бірлікті ту еткеніне әркез көз жетіп жүр. Оған жақында болған мына жай нақты дәлел. Тараз қаласында Көшек батырды ұлықтауға арналған тағылымды шараға қатысудың сәті түсті. Көшек Қарасайұлының атажұрты қазіргі Алматы облысының аумағында болғанымен, жаугершілік заманда қазақ елінің тұтастығы жолында арыстанша айқасып, Әулиеата жерінде ерлікпен қаза тапқан. Сондықтан ұлтқа ортақ бағадүрдің әруағын екі өңір жұртшылығы да ерекше қастерлейтініне куә болдық.



Алыс-жақын ағайынға сауын айтылған шараға Алатаудың етегінен жол тартқан топтың бірін мемлекет және қоғам қайраткері Серік Үмбетов бастап барды. Әулиеата жұртының Серік Әбікенұлына деген сый-құрметі ерекше екені бірден байқалды.Таразға кіреберісте Жамбыл облысы Байзақ ауданының әкімі Олжас Баққараев бастаған азаматтар қошеметпен күтіп алып, көл-көсір қонақжай дастарқан басында Серік Әбікенұлының осы өңірді дамытуға сіңірген еңбегін жан-жақты айтты. Олардың қатарында бір кездері Жуалы, Талас, Байзақ аудандарын басқарған Батырбек Күлекеев, сол өңірдегі Жамбыл ауданына, облыстық спорт басқармасына басшылық еткен Махамбет Дүйсебаев, кейінгі жастардан Байзақ ауданының әкімі мен оның аппарат басшысы Асылжан Құрманов, тағы басқалар болды. Ел экономикасы тұралаған кезеңде Жамбыл облысын басқаруға келген Серік Әбікенұлы, әсіресе Аманкелді газ кен орнын ашуға, оны ел игілігіне айналдыруға тың серпін бергенін тараздықтар әлі күнге ұмытқан жоқ. Бұл жобаны игерудегі қиындықтарға қарамастан жақсы іс жалғасын тапқан. Кездесуде бұдан басқа да талай шаруаның жүзеге асуына тікелей ықпал еткені кеңінен сөз болды. Ұлттық құндылықтарды ұлықтаудағы тағылымды істерінің өзі бір төбе. Жалпы басшылық қызметте жүргенде оның тікелей бастамашылдығымен республика бойынша 48 ескерткіш, мешіт тұрғызылса, Жамбыл облысында қалдырған қолтаңбасы бүгінде сайрап жатыр. Сол жылдары Бәйдібек баба, Дінмұхамед Қонаев, Тұрар Рысқұлов, Өтеген, Қойгелді батырлар сияқты тарихи тұлғаларға ескерткіш орнатылды.

Ертеңіне Тараз қаласының шетіндегі Бауыржан Момышұлы атындағы атшабар аумағындағы «Талбесік» этноауыл орталығына жан-жақтан көпшілік жиналды. Көшек батырға 1999 жылы кесене, одан кейін ескерткіш тұрғызылған. Осы жолы азаматтар батырды еске алу шарасын ұйымдастырды. Бұл істің басы-қасында тараздық кәсіпкер Ержан Амалбаев жүрді.

– Ел қорғаған батыр бабаға ас беріп, көкпар шаптырсақ деген ниетпен осы шараны қолға алдық. Көшек батыр елім, жерім деп соғысып жүріп, өмірден өте ерте, 32 жасында кетіпті. Осы өңірде қаза тапқан. Ақырғы сөзінде «Өлсем елге апармай, осында жерлеңдер, әкеме хабар беріңдер» деп аманаттаған екен. Қазақтың бір батыры осында жатыр, неге біздер оған лайықты құрмет көрсетпеске деген ой келді. Батыр ел мен жер үшін шейіт болды. Осы шараға батырдың тікелей ұрпақтары, немере, шөбере, шөпшектері де келді. Әруағы риза болсын. Кесенесін тұрғызуға өзім демеуші болдым. Жыл сайын айналасын тазалап, абаттандырып, ағаш егеміз, басына шырақшы белгіледік. Бізге дейін қоғам қайраткері, марқұм ағамыз Әлібек Әмзеев құдық қаздырып, көп жұмыс атқарған. Біз сол азаматтың жақсы ісін жалғап келеміз. Шырақшыға мемлекеттен 85 мың теңге жалақы төленсе, қосымша 115 мың теңгені өзіміз төлейміз, – деді ол.

Жиында алғашқы сөз мемлекет және қоғам қайраткері Серік Үмбетовке берілді. Ол алдымен шараны ұйымдастырып, атсалысқан азаматтарға алғыс айтты. Көшек батыр әруағын құрметтеудегі игі істердің қалай жүзеге асқанын тілге тиек етіп, өз естелігімен бөлісті. Айтуынша, Серік Әбікенұлы Жамбыл облысын басқарған 1996 жылы Қарасай, Көшек батырлардың жерленген орындарын іздестіру шарасына қоғам қайраткерлері, жазушы-журналистер, лауазымды тұлғалардың басын қосып, олар республиканы аралап, батырлардың мәңгілік мекенін анықтаған. Қарасай Алтынайұлы мен Арғын Ағынтай батырдың сүйегі Көкшетаудағы Айыртауда, Көшек батырдыкі Талас ауданының Қызылжар елдімекенінде екені анықталды. Батырлардың басына кесене тұрғызылып, еңселі ескерткіштері бой көтерді. Көшек батыр Талас өзенінің бойында туған, жаз жайлауы Тектұрмаста болған.

«Бәріміз бір қазақтың баласымыз. Бес саусақ бөлек болғанымен, білек біреу. Қазаққа ауызбірлік, ынтымақ керек. Шерағаның айтқаны бар, «Мықты болу үшін де, ірі болу үшін де бірге болу керек» деген. Бірлігіміз мызғымасын», – деп сөзін қорытындылады Серік Әбікенұлы.

Тарихты біліп, тұлғаны тануда бұл шараның маңызы зор, тағылымы мол болды. Көпті көрген қариялар, ел ағалары өнегелі сөздерін тебірене жеткізді. Көшек батыр өмірге келген Талас ауданын басқарған Батырбек Күлекеев мұндай көшелі сөзге кеңінен тоқталды. Ал белгілі кәсіпкер Керімжан Бижанов Талдықорған қаласының шығысында Қабанбай батырға ескерткіш тұрғызуға да Серік Әбікенұлы бастамашы болғанын атап өтті. Сондай-ақ қоғам қайраткері Тахир Балықбаев Көшек батыр ауылында қазір 70-80 үйлі түтін бар екенін, ондағылар кесене салынғанға дейін де батыр әруағын қасиет тұтатынын айтты. «Бала кезімізден есімін естіп өстік, жанынан ары-бері өткендер Құран оқып, құрбандық шалып, тағзым жасайтын. Елдің елдігін көрсететін шара келешек ұрпаққа өнеге болады», – деді ол.

Сол сияқты Бәйдібек баба қорының басшысы және басқа азаматтар сөз алып, ел бірлігі, өткенді еске алып, келешекке сеніммен қадам басу жөніндегі өз ойларымен бөлісті. «Жастарымыз білекті, жүректі, елін-жерін қорғайтын, отбасын сақтайтын адал ұрпақтан болып өссін» деген тілектерін жеткізді. Сонымен қатар Қарасай, Жамбыл аудандарынан келген Кеңесқұл Керімбаев, Орынтай Әмірғалиев лебіздерін білдірді. Шараға мемлекет және қоғам қайраткері Мейрамбек Таймерденов, Қарасай батырдың қара босағасы қалған Жамбыл ауданының Үңгіртас, Үлгілі ауылдарынан ондаған азамат қатысты.

Жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанға барған сапарында айтқан сөзі еске түсті. Мемлекет басшысы ұлы тұлғаларды ұлықтау арқылы біз қазақтың бірлігін сақтауымыз керектігін атап өткен еді. Бүгінгі шара сол қасиетті сөздің жалғасындай болғанын сезіндік. Тұлғалар есімін халқы ардақтай береді. Қоғам қайраткері, «Ата жолы» қоғамдық қорының басшысы Махаббат Бигелдиев жиында ерекше белсенділік танытып, ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасынан табылды. Жиналған қауымға сый-кәде жасап, ұлы Жамбыл бабамыздың 180 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған «Жамбыл» естелік кітабын таратты. Талас ауданы Ойық ауылының маңындағы кесенесінде, қаладағы ескерткіш алдында да Көшек батырға құрмет көрсетіліп, Құран бағышталды.

Батыр туралы тарихи дерекке келсек, Көшек Қарасайұлы (1620 – 1652) – жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес кезіндегі қазақ қолбасшысы, батыр, Есімхан мен Жәңгір ханның (Салқам Жәңгір) сенімді серіктерінің бірі. Талас өзенінің төменгі бойында туып-өскен. Тектұрмастың түбіндегі биік шоқы Көшек батырдың жазғы жайлауы болған. Бұл шоқыны халық «Көшек шоқысы» деп атап кеткен. Көшек батырдың даңқы Батыр қонтайшының басқыншылығына қарсы соғыста барынша асқақтайды. Ол Тектұрмас қамалын нығайта отырып, көршілес қырғыздармен қол қосып, жау әскерлеріне тойтарыс береді. 1643 жылы Андасай бойындағы Кеңгір деген жерде Жәңгір ханның Батыр қонтайшысының елу мыңдық әскеріне ойсырата соққы беріп ерлігімен көзге түсті. Талас өзені маңында болған шайқаста ол жоңғарлардың Қаражар деген батырымен жекпе-жекке шығып, оны жеңген. Тектұрмас түбінде болған шайқаста Қарадөң деген жоңғар батырын жер жастандырады. Жоңғар қонтайшысы Оншанмен де жекпе-жекке шыққан. Жеңіліс тапқан Оншаннан қазақтармен соғыспау туралы ант алып, еліне қайтарған. Салқам Жәңгір дүниеден қайтқан соң болған сұрапыл шайқастың бірінде Көшек батыр ерлікпен қаза табады. Батырдың денесі Көшек шоқысының биігіне қойылған. Батыр атында Талас ауданында және Тараз қаласында көше бар. 1999 жылы Көшек батыр қорының және жұртшылықтың белсенділік танытуымен, ұрпақтарының демеушілік көрсетуімен Көшек батыр кесенесі тұрғызылған. Бұл кесене «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында еліміздің өңірлік қасиетті нысандары тізіміне енген. Талас ауданындағы Бөлтірік шешен ауылы маңындағы биік төбенің үстінде орналасқан кесене сегіз бұрышты, қабырғасы толығымен арнайы кірпіштен өрілген. Жанына батырдың асқақ рухын айшықтайтын үш найза, қалқан, қылыш, жебелер салынған қорамсақтың біріктірілген композициясы қойылған. Аталған композиция жобасын Саламат Дембай, Насыр Баекеев жасаған. Ал батыр ескерткіші Тараз қаласы Төле би даңғылының бойындағы ҚР Тұңғыш Президенті атындағы саябақта орналасқан.

Қазақ халқының бірлігі жолында ерлік пен өрліктің өшпес үлгісін қалдырған бабадүр батырдың құрметіне берілген еске алу шарасынан кейін халқымыздың салт-дәстүріне сай көкпар ұйымдастырылды. Батыр бабаларымыздың рухына тағзым ету – ұрпаққа аманат, елдік пен бірліктің айғағы.

Күмісжан БАЙЖАН,
жазушы,
Серік САТЫБАЛДИЕВ,
«Алатау арайы» газетінің арнаулы тілшісі
Жамбыл облысы

ҚҰҒЫН-СҮРГІН

ӘКЕ ТАҒДЫРЫ



XX ғасырдың басындағы қызыл империяның солақай саясаты халқымыздың басына орны толмас қасірет әкелгені белгілі. Соның кесірінен өз жерінде өгейдің күйін кешкен ел аштық пен құғын-сүргін, зорлық-зомбылықтың зардабын тартты. Жан сауғалап, шекара асты.

Алайда бас сауғалап барған елдің жат жерде де шекесі қызып, маңдайы жарқыраған жоқ. Қытайдағы 1950 жылдардың ішіндегі саяси ахуалдың да ауыр азабын басынан өткерді. Елдің сөзін сөйлеп, мұңын мұңдаған азаматтар темір тордың ар жағында адам айтқысыз азап шекті. Сотсыз, сұрақсыз ату жазасына кесілді. Сол бір зұлмат жылдардың жазықсыз құрбанына айналып, атылғандардың қатарында ауылда мұғалімдік қызмет атқарып, жас буынды оқу-білімге тартқан, имам ретінде де елге ақыл-кеңесін айтып, жол көрсетуді азаматтық борышы санаған менің әкем Нүсіпбекұлы Сабырбек те бар еді. Бұл оқиға 1952 жылы, яғни менің жасқа толар-толмас кезімде болған екен. Кейін елге оралған соң ер жетіп, ес жиған кезімде әкем туралы, жазықсыз құрбан болуының жай-жапсары жайында үлкендерден үзіп-жұлқып естігенім болмаса, нақты деректен хабарсыз едім. Оқиғаның ақиқатын араға 35 жыл салып барып қана естіп-білдім.

1986 жылдың жазында кезекті еңбек демалысымды алып, қасыма 5 жасар ұлым Бауыржанды ерттім де, Жамбыл ауданының Ақсеңгір кеңшарында тұратын Сабырбек әкемнің үшінші әйелі Еренсіз шешемді іздеп бардым. Ол кісі баласы Назарбек екеуі кеңшардың қойын бағады екен, жайлауға шығып кетіпті. Ұзынағаштың басындағы Құлансаз – біздің Шалкөде сияқты аумағы кең, алып жайлау. Жайлауға дейін автокөлікпен бардық та, Алатаудың Қырғызбен шектесетін жерін жайлап отырған шешемнің үйіне Ақсеңгір кеңшарының жылқысын бағатын рулас туысым атпен жеткізіп салды. Жайлауда Бауыржан екеуміз айға жуық жатып, жақсы демалып қайттық. Менің «Анаға сағыныш» деген әнім сол жерде туған еді. Сөзін ауылға келген соң жерлес ақын Әбдірахман Айнабековке жаздырғанмын.

Енді бастапқы әңгімеге көшейін. Еренсіз шешемді іздеп келгендегі мақсатым – жайлауда демалу ғана емес, әкемнің атылуы жайлы оқиғаның куәсі ретінде өз аузынан есту еді. Шешем әңгімешіл және есте сақтау қабілеті де мықты екен. Отыз бес жыл бұрынғы оқиғаны күні кешегідей етіп баяндап берді.

– 1951 жылдың күз айы болатын. Егін орағының қызған кезі. Қырманда астық бастырып жатқан едік. Сен дүние есігін жаңадан ашқан шарана болатынсың. Әкең: «Қарасуда ел жиналып жатыр. Мені де шақыртыпты», – деп байлаулы тұрған құнанға жайдақ міне салып, ауылға кетіп қалды. Дүниенің астан-кестеңі шығып жатқанын арада алты ай өткен соң ғана білдік. Төңіректе күбірлеген неше түрлі әңгіме. «Қыдырды, Батталғазыны, тағы бірнеше адамды ұстапты, сұмдық-ай» дейді. Әкеңде үн жоқ. Ештеңе сездірмейді, іштей тынып жүрген болуы керек. Қарасу бастауыш мектебінде діннен сабақ беретін мұғалім еді. Бір күні Қыдыр ақалақшы мен ауданның екінші басшысы Батталғазы бастаған бірнеше адамды атады екен деген сөз дүңк ете қалды. Жамандық жата ма, ел арасына тез тарап кетті. Көп кешіккен жоқ, оларға тағайындалған үкім орындалды. Қыдырды үш рет атқанда да жығылмапты. Сосын сақшылардың бәрі жабылып атыпты. Мұны қанды оқиғаны көзімен көрген ауыл адамдары айтып келді.

1952 жылдың 8 наурызында үйге бірнеше сақшы сау етіп кіріп келді. Әкеңнің қолына кісен салып, сыртта тұрған арбаға отырғызды. Екеуі үйдің астан-кестеңін шығара тінтіп, жинап жүрген қисса-дастандары мен діни кітаптарды екі қоржынға салды да, арбаға тиеп алып кетті. Жылап-еңіреп біз қалдық. Күн батса, таң атпайтын, таң атса, күн батпайтын азапты күндер басталды. Түрмеге кездесуге бардық. Ешқайсымызды кіргізбеді. Тек сені ғана көрсетуге рұқсат берді. Сырт киіміңді шешкізіп, жейдеңді ғана қалдырды. Алып барған азығымызды да бере алмадық. Жейдеңнің етегіне бір уыс кішміш түйіп бердік, сақшы алып кіріп кетті. Қолымыздан басқа еш нәрсе келмеді. Бірнеше күннен кейін «Сабырбекті атады екен» деген хабар ел ішіне жетті. Бұл шілде айының 15 жұлдызы болатын. Ойдағы-қырдағы, жайлаудағы елдің бәрін үкім орындалатын орынға жинап, екі қатар етіп сапқа тұрғызып қойды. Бір кезде Сабырбек бастаған бірнеше адамды ортамен алып жүрді. Елдің бәрі демін ішіне алған. Тыныштықты кенеттен Баянның «әкелеп» шыңғырған дауысы бұзды. Сол-ақ екен, жиналған жұрт аһылап-үкілей бастады. Сабырбек ешқайда бұрылмастан аспанға қараған күйі кетіп бара жатты. Есеңгіреп, ес-тұстан айырылып біз тұрмыз. Бір кезде Сұлуман абысыным (әкемнің бірінші алған әйелі Қайыпжамал 1947 жылы аурудан қайтыс болғаннан кейін жеңгедей алған әйелі) менің қолымнан сені жұлып алып, аспанға көтеріп, саныңнан шымшып алды. Сенің құлындағы шырқыраған дауысыңнан әкең біз жаққа жалт қарады. Шырылдаған ащы дауысың бүкіл елдің аза бойын қаза қылды. Аяқ-қолдарын шешіп, теріс қаратып тұрғызды да сақшыларға атуға бұйрық берді. Бірнеше мылтықтың дауысы бір сәтте гүрс еткенде аспан айналып жерге түскендей құлақ бітіп, қиямет-қайым орнағандай күйге түстік. Үкім орындалғаннан кейін жиналған елді жақындарының өлі денесін алуға да рұқсат бермей таратып жіберді. Осы кезде Нәсілқан абысыным ешкімнен именбей барып, Сабырбек қайынағасының өлі денесін алып шығып, үйге дейін арқалап келді. Сөйтіп ешбір еркек жасай алмаған ерлікті жасады, – деп сол қасіретті көзіне жас алып әңгімеледі. Еренсіз шешемнің «Нәсілқан абысыным» деп отырғаны Сабырбектің інісі Алмабектің бәйбішесі еді. Аққөңіл, көпшіл, жақсы-жаманның бәрін елеп-екшеп, жөнге салып отыратын өте бауырмал, бәрімізді өз баласындай қамқорлығына алып, аялаған, ел арасына сыйлы кісі болған еді, жарықтық. Құдайдың ықыласы түсіп, жүз жасады.

Ату жазасы туралы үкім шыққаннан кейін інісі Алмабек «Мен де ұсталатын болдым» деп тауға қашып кетіпті. Ауылда қалған жақын туыстарымыз Бәзілбектің Жақыпбайы мен Мұраталының Тұрғынбайы екеуі түн жамылып, білте шамның жарығымен бейіт қазып, Сабырбектің жаназасын өздері шығарып, таң қылаң бере жерлеген екен.

Қарасуда орын алған оқиғаның түп негізі былайша туындаған. 1951 жылдың тамызында Қытай армиясының капитандары Ыдырыс пен Мамырқан деген әскери адамдар Шаты шекарасындағы атты әскерлер эскадрилиясын бастап шығады. Көтерілісшілердің қатары қарапайым халықпен толығып, ұлғая береді. Орта Шекіртіге келгенде саны бұрынғыдан да көбейіп, үлкен күшке айналады. Бұл кезде Сабырбек молда Қарасу бастауыш мектебінде дін негіздерінен сабақ беріп, сол өңірдің имамы болған екен. Көтерілісшілер Қарасуға келгенде халық көп жиналып, Қыдыр ақалақшы оларға қолдау көрсетеді. Ал Сабырбек молда болса, «Құдай оң жолын берсін» деп бата береді. 1951 жылдың күзінде басталған көтерілістің ғұмыры төрт-бес айға ғана созылып, жеңіліске ұшырайды. Басшылары мен оларға ілескендер қолға түседі. Сабырбек пен Қыдыр бастаған көтерілісшілер қатарында айрықша көзге түскен Құдайберген Өскенбайұлы, әйгілі Мергенбай батырдың Тоқай мен Айтақындай ұлдары, Иманғазы Кемпірбайұлы, Тыныштықбек Есмұханбетұлы, Нұрқан Қасымбайұлы, Дайын, Шәймерден, Батырбек, Құдайберген, Әшірақын, Құрманжан, Байынтоқа сияқты азулы азаматтар ату жазасына кесіледі. Ескерте кетейін, бұл дерек Қытай жерінде туып, балалық, жастық шағы сол жақта өткен,1960 жылдары атамекеніне оралып, Райымбек ауданының Текес ауылында еңбек етіп, өмірінің соңына дейін мемлекет пен қоғамның дамуына лайықты үлес қосқан көзі ашық, көкірегі ояу, сол көтерілістің куәгері Кемелжан Ыбырайымов қарияның жазбасынан және ҚР Ұлттық кітапханасының мерзімдік басылымдар қорынан алынып отыр.

Бұл тағдыр – бір әулеттің ғана емес, алмағайып заманда жазықсыз жапа шеккен тұтас бір ұрпақтың қасіретін арқалаған тағдыр десем, қаталеспеймін. Уақыт жараның бетін қанша жасырып-жапса да, жүректе қалған ізі өшпейді. Сондықтан өткенді еске алуды – өткенге өкпе арту емес, ақиқатты ардақтап, кейінгі ұрпаққа тағылым қалдыру деп ұққанымыз жөн.

Бексейіт НҮСІПБЕК,
ҚР Мәдениет қайраткері,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
Райымбек ауданының Құрметті азаматы

ӨНЕГЕ



Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкеріміз – талай шәкірттің жүрегіне жол тауып, олардың өмірлік бағыт-бағдарының қалыптасуына өзіндік үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз, Үйгыр ауданындағы Д.Қонаев атындағы орта мектептің математика және физика пәні мұғалімі Нұржамал Сүйірбаева. Ол мектептегі ұстаздық және басшылық қызметте өзінің кәсіби біліктілігімен, іскерлігімен және жауапкершілігімен ерекшеленіп, әріптестерінің құрметіне бөлене білді.

МЕКТЕП МЕРЕЙІН АСЫРҒАН

Нұржамал Қаршығақызы 1965 жылдың 9 қарашасында бұрыңғы Гурьев облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылында қызметкерлер отбасында дүниеге келеді. 1982 жылы мектепті тәмамдаған соң, арман қуып Алатаудың баурайындағы ару қала Алматыға жол тартады. Абай атындағы педогогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы мұғалім мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Үйғыр ауданындағы Шарын орта мектебінде физика пәні мұғалімі болып бастады. Жұмыстағы жауапкершілігінің арқасында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымына көтеріліп, білім мекемесінің үлкен жетістіктерге жетуіне ұйытқы болады. Бұдан кейін өзін ардақ тұтатын ұжым мүшелерінің қолдауымен аталған мектепке директор болып тағайындалады.

Нұржамал Қаршығақызының өз ісіне деген адалдығы, еңбекқорлығы, кішіпейілдігі, кез-келген ортамен тіл табысуы әулетінен дарыған қасиет екенінде дау жоқ. Ол ұлттың тілін, мәдениетін, ділін, болмысын биік ұстау үшін аянбай тер төгіп жүр.

2019 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Мәңгілік ел» құндылықтары негізінде сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып, шығармашылық іс-тәжірибелерімен кәсіби деңгейін дамыту, біліктілігін жетілдіру бағытындағы еңбектері үшін Алғыс хаттармен, аудандық білім бөлімінің «Білім беру ұйымының үздік жоспары – 2018» дипломымен марапатталады. Аудандық кәсіподақ комитетінің «Жетісу жері – татулық пен бірліктің талбесігі» атты білім беру қызметкерлері көркемөнерпаздарының аудандық байқауында бас жүлдені иеленеді.

Ол білім ордасының дамуын, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруды және заман талабына сай жаңашылдыққа ұмтылуды басты назарда ұстап, әріптестерін шығармашылық ізденіске бағыттай білді. Атап айтқанда, 2001 жылы Алматы облысындағы қазақ мектептері арасында ұйымдастырылған «Таңдаулы мектеп – 2001» байқауында Шарын мектебі лауреат атанды.

Мектеп ұжымының оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгеруге, білім беру ісіне озық тәжірибелерді енгізуге және кәсіби ізденісті үздіксіз дамытуға бағытталған жұмыстары бірнеше мазмұнды жинақтың жарық көруіне негіз болды. 2001 жылы «Мектеп портреті мен жетістіктеріне арналған», 2005 жылы «Мектеп мерейі» және «Ізденіс – табыстың тетігі», ал 2017 жылы «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» атты кітаптар шықты. Бұл еңбектер мектеп өміріндегі елеулі белестерді, ұжымның шығармашылық ізденістерін, педагогикалық тәжірибесі мен қол жеткізген жетістіктерін паш етеді. Сондай-ақ 2002 жылы Алматы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының басшылығымен мектеп дамуының стратегиялық жоспары әзірленіп, өзара тәжірбие алмасу мақсатында облыстық серіктес мектептердің қатарына енді. 2002 жылы «Сорос-Қазақстан» бағдарламасымен «Азаматтық білім беру» атты оқушылардың азаматтық позицияларын көрсетуге арналған жоба жүзеге асырылса, 2003 жылы Қазақстан Республикасының «Бастама мектептерінің» қоғамдық бірлестігінің мүшесі болып қабылданды. 2004 жылы мектептің оқу-тәрбие үрдісіне «Дәстүр» тұжырымдамасы енгізіліп, бағдарлама бойынша тәжірибе алаңы болады. 2005 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының тірек мекемесі атанды. 2010 жылы облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында «Педагогикалық технологияларды енгізгені үшін» номинациясы бойынша Құрмет грамотасын иеленді.

Нұржамал басқару саласында өзінің асқан ұйымдастырушылық қабілетімен ерек көшбасшы екенін дәлелдеді. Оқу ғимаратының екі қабатын рухани тағылымы мол стендтермен толықтырды. Ұжым мүшелері де оның ұтымды жоспарларын қолдап, материалдық жағынан көмегін аяған жоқ. Ата-аналар мен педагогикалық ұжымның үлкен үмітімен келген жаңа мектеп атауына да Нұржамал Қаршығақызы демеуші тауып, Тілеубердідей хас шебердің қолынан шыққан Д.Қонаевтың мүсінін орнатты. Бұдан кейін заңғар тұлғаға арналған мұражай ашылды. Мұражайға сәндік қолданбалы өнердің еліміздегі бірегей шебері Махмұт Құлиманов жерлесіміз құнды жәдігерлерін сыйға тартты. Мектебіміздің түлегі Қаншайым Изамбекова бес жүзге жуық кітап сыйлап, кітапхана қорын байытты. Осының бәрі іскер басшының тікелей себеп болуымен жүзеге асқан шаралар.

Рас, ол басшылық жасаған жылдары білім мекемесіндегі оқу-тәрбие саласы ерекше серпінмен дамыды. Атап айтқанда, мектепте 2016-2019, 2019-2022 жылдары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының «Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.М.Валиеваның басшылығымен «Мәңгілік ел құндылықтары – мектеп оқушыларының құзіреттілігін дамыту шарты», «Инновациялық білім беру – мұғалімдердің коммуникативтік-ақпараттық құзыреттілігін жетілдіру шарты» тақырыбында облыстық ғылыми тәжірибе жұмысы жүргізілді. Мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруда олардың әрқайсысының ерекшелігін ескере және ынтымақтастық ортада білім алуын қамтамасыз ете отырып, озық елдердің қатарына енуді ұсынған мемлекет бағдарламасын жүзеге асырды. Яғни, жаңартылған білім беру жағдайында заманауи мектеп басшысы жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ынтымақтастық ортада бірлескен жұмыс істейтін табысты көшбасшы болуы керек екенін іс-жүзінде дәлелдеді.

Еңбегі бағаланып, 2015 жылы облыстық «Үздік мектеп директоры» байқауында «Шебер басшы» аталымы бойынша жеңімпаз болғаны үшін «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы педагогикалық шеберлік орталығының Алғыс хатымен марапатталды. 2017-2018 жылдары екі мәрте «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Құрмет грамотасын, Алматы облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасын, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатын иеленді. Сонымен қатар Д.Қонаев атындағы қордың ұсынуымен Д.Қонаев атындағы медальмен марапатталды.

Мағжан Жұмабаев сенген «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастардың педагогика саласында қарқыны күшті болды. Болашағынан үлкен үміт күттіретін таланттар өсіп-жетілді. Басшысына қолдау білдірген, әр сөзінің астарында ақыл мен даналық жатқан, шежіре кеуде ұстаздарымызға мың тағзым. Шәкірт жүрегінде тұтанған ұшқынды жалындаған отқа айналдыра біліп, іргелі білім ордасының көшін алға сүйреп, парасат биігіне көтерілген Нұржамал Қаршығақызына айтылар алғыс шексіз!

«Ол кісіден біз бүгінге дейін көп нәрсені үйрендік, әлі де үйренеріміз жетерлік», – дейді өкше басар әріптестері. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай тәнті істерді атқаратынына кәміл сенімдіміз. Соңғы екі жылда отбасы қалауымен Талғар ауданы Талдыбұлақ ауылындағы жаңадан ашылған № 46 орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымы бойынша қызмет атқарып келді. Ол ұжымда да мәртебесі жоғары, абыройы асқақ екеніне сенімдіміз.

Нұржамал Қаршығақызының өміріндегі ең үлкен жетістігі – берекелі отбасы. Өмірлік жары, Алматыдағы Л.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институтының түлегі Байғали Қорғасұлымен ұзақ жыл бойы бір шаңырақтың түтінін түтетті. Екеуі бір-біріне тірек болып, барлық қиындықты бірге еңсерді. Елге сыйлы отбасы ретінде танылды. Үйінен адам қарасы үзілмейтін. Аяқ астынан келген қонаққа қабақ шытпай, барын дастарқанға қойып, табалдырықтан аттаған жанды құрметпен қарсы алатын. Оның бойындағы қазақ әйеліне тән қонақжайлылық, төзімділік, сабырлылық пен кең жүректілік осы шаңырақтың берекесін арттыра түсті. Берік отбасының сыры да осында болса керек.

Балаларының жетістігі – ата-ананың мәндай тері мен тәрбиесінің жемісі. Нұржамал Қаршығақызы балаларына ең алдымен адам болуды, үлкенді сыйлауды, еңбек етуді және адалдықты үйретті. Балалары орта мектепті «Алтын белгі», «Үздік аттестатпен» аяқтады. Тұңғышы Қайсар мен одан кейінгі қызы Лаура жоғары оқу орнын тәмамдаған соң күштік құрылымдар саласында еңбек етуде. Дәулет пен кенжесі Маржан да жоғары білімді. Өздері таңдаған мамандықтарына сай қызмет атқаруда. Ата-аналары мейіріміне бөлеп, балаларының қуанышы мен қиындығын бірге бөлісіп, оларға әрдайым ақылшы, қамқор бола білді. Бүгінде олар немерелерінің де сүйікті әжесі мен атасына айналып, үлкен әулеттің алтын қазығы болып отыр. Қарапайымдылық, кішіпейілділік, мейірімділік, сабырлылық, еңбекқорлық, қонақжайлық – осының барлығы Нұржамалдың бар болмысын айқындайды.

Құрметті Нұржамал Қаршығақызы!

Зейнет жасыңыз құтты болсын! Қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей. Ұл-қыздарыңыздың қызығын молынан көріңіз, отбасында мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беруіңізге тілектеспіз!

Серік ОРАЗАЛИЕВ,
Күлжақан НАҚЫБАЕВА және
Үйғыр ауданындағы Д.Қонаев
атындағы орта мектеп ұжымы

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Өрендердің ой додасы

Райымбек аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Менің елім – менің мақтанышым» атты мектеп оқушылары арасында зияткерлік сайыс өтті.

● Ақерке БИЖАН

Жас ұрпақтың Отан мен туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, елжандылық пен азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған зияткерлік сайысқа 8-9 сынып оқушылары қатысты.

Алты кезеңнен тұратын ой додасының әрқайсысы еліміздің тарихына, мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық құндылықтар жайлы сұрақтарға негізделді. Сайдың тасындай іріктелген үздік оқушылар сайыстың көркін қыздырды. «Бірлік», «Ұшқыр ой», «Ойқазық» командалары тек білімдерін ғана емес, ой ұшқырлығы мен өзара бірлігін де таныта білді. Оқушылар сұрақтарға жауап беру барысында бірауыздан шешім қабылдауға дағдыланып, өз ойларын нақты әрі толық жеткізуге бейімделді.



Орталық жетекшісі Ақерке Әбдірахман мұндай шаралардың жиі әрі тұрақты өткізіліп тұруы – аудан жастарының ой-өрісін дамыту жолындағы маңызды қадам екенін ерекше атап өтті. Аталған үш топтың жетекшілері де шәкірттеріне қолдау білдіріп, қорытынды бөлімде сайысқа қатысты пікірлерін айтып, ұсыныстарымен бөлісті.

Зияткерлік жарысты ұйымдастырушылар қатысушылар арасында арнайы сергіту сәтін ұйымдастырып, оқушылардың қиял-армандарына ерік беріп, Қазақстанды әлемдік аренада таныту үшін арнайы үш қажеттілікті атауды тапсырды. Оқушылардың басым бөлігі туризм саласы мен ұлттық құндылықтарды, табиғат байлығын тілге тиек етіп, жас ұрпақтан күтілер үміттің зор екендігіне тағы бір көзімізді жеткізді.

Райымбек ауданы

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматыоблсушар» ШЖҚ МКК Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2026 жылғы 11 қыркүйектегі № 295-НҚ бұйрығына сәйкес 2026 жылғы 1 қарашадан бастап каналдар арқылы су беру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифтер енгізілгенін хабарлайды.

Тарифтер мөлшері (ҚҚС-сыз, теңге/м³): Орташа тариф – 0,636; «Талғар» ӨБ – 2,132; «Іле» ӨБ (таза су) – 2,847;

«Іле» ӨБ (ағынды су) – 0,702; «Нарынқол» ӨБ – 0,995; «Қаскелең» ӨБ – 2,252; «Жамбыл» ӨБ – 1,192; «Бақанас» ӨБ – 0,115; «Тасмұрын» ӨБ – 0,115; «Шарын» ӨБ – 0,835.

Уақытша өтемдік тарифтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарифтік сметаның қайта қаралуына байланысты енгізілген.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша «Алматыоблсушар» ШЖҚ МКК-не хабарласуларыңызды сұраймыз.

Түсіністік танытқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

УВЕДОМЛЕНИЕ ДЛЯ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

ГКП на ПХВ «Алматыоблводхоз» уведомляет о введении с 1 ноября 2026 года временных компенсирующих тарифов на услуги по подаче воды по каналам в соответствии с приказом Министра водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан от 11 сентября 2026 года № 295-НҚ.

Размеры тарифов (тенге/м³ без учёта НДС): Средний тариф – 0,636; ПУ «Талгар» – 2,132; ПУ «Иле» (чистая вода) – 2,847; ПУ «Иле» (сточная вода) – 0,702; ПУ «Нарынкол» – 0,995; ПУ «Каскелен» – 2,252; ПУ «Жамбыл» – 1,192; ПУ «Баканас» – 0,115; ПУ «Тасмурын» – 0,115; ПУ «Шарын» – 0,835.

Введение временных компенсирующих тарифов связано с пересмотром тарифной сметы в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

По всем возникающим вопросам вы можете обратиться в ГКП на ПХВ «Алматыоблводхоз». Благодарим за понимание!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жобаның атауы: «Ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдарымен «Алматы облысы Үйғыр ауданы Көлжат ауылында магистралдық газ құбырын АГТС-2 бұру және жеткізуші газ құбырын салу».

Әсер ету аумағы: Алматы облысы, Үйғыр ауданы, Көлжат ауылы

1) 43°33'05.59315" 79°43'16.27363"

2) 43°31'53.18681" 80°39'59.27957"

Қоғамдық тыңдаулар ашық отырыстар арқылы:

1) **22 желтоқсан 2026 ж. сағат 12:00-де** келесі мекенжайда өтеді: Алматы облысы, Үйғыр ауданы, Көлжат ауылы, Мәдениет үйі, Розыбакиев көшесі, 48.

Қоғамдық тыңдау аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және Zoom платформасында бейнеконференция).

«Zoom» онлайн қосылымына сілтеме:

Конференция идентификаторы: 869 4779 7971. Қатысу коды: 212565

https://us06web.zoom.us/j/86947797971?pwd=4p3QbzC8GCfGzebSaR2eCJP0jfCJFa.1

Бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная, 16/4, ЖСН 070340007228, тел: 87277 278027.

Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қаласы, Снайперский тұйық көшесі, 4, тел: 87272411388, БСН 960540000195, e-mail: katek@katek.kz

Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=kk.

Қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірлері: katek@katek.kz; priroda_alm@bk.ru по тел: 87272411388, 87277223227.

Ескертулер мен ұсыныстар қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ «Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-да қабылданады. Мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, № 12, тел: 87277223227; e-mail: priroda_alm@bk.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Наименование проекта: «Строительство магистрального газопровода-отвода на АГРС-2 и подводящего газопровода с.Кольжат Уйгурского района Алматинской области» с материалами «Отчет о возможных воздействиях».

Территория воздействия: Алматинская область, Уйгурский район, поселок Кольжат.

1) 43°33'05.59315" 79°43'16.27363"

2) 43°31'53.18681" 80°39'59.27957"

Общественные слушания состоятся посредством открытых собраний:

1) 22 декабря 2026 г. в 12:00 часов по адресу: Алматинская область, Уйгурский район, поселок Кольжат, дом культуры, ул. Розыбакиева, 48.

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе Zoom).

Ссылка на онлайн подключение «Zoom»:

Идентификатор конференции: 869 4779 7971, код доступа 212565.

https://us06web.zoom.us/j/86947797971?pwd=4p3QbzC8GCfGzebSaR2eCJP0jfCJFa.1

Реквизиты и контактные данные инициатора: ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Алматинской области» Республика Казахстан, Алматинская область, г.Конаев, Индустриальная, 16/4, БИН 070340007228, тел: 87277 278027.

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «КАТЭК», 050010, г.Алматы, пер. Снайперский, 4, тел: 87272411388, БИН 960540000195, e-mail: katek@katek.kz

Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=kk.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте katek@katek.kz; priroda_alm@bk.ru по тел: 87272411388, 87277223227.

Замечания и предложения принимаются на сайте Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» по адресу: г. Конаев, улица Құрылысшы, № 12. тел: 87277223227; e-mail: priroda_alm@bk.ru.

ҚЫЛҚАЛАМ

Жемқорлықтың зардабын бейнеледі

Қоғамның дертіне айналған келеңсіз құбылыспен күресу – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл бұқараның міндеті. Ал бұл бағыттағы тәрбиені бала жастан бастаудың маңызы зор. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Кеген аудандық ішкі саясат бөлімі және «Ақжүрек-Кеген» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Кегендегі Заманбек Нұрқаділов атындағы балалар өнер мектебінде «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты жас суретшілер байқауы өтті.



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ ——

Байқаудың мақсаты – жас өнерпаздардың шығармашылық қабілетін шыңдай отырып, адалдық, әділдік, парасаттылық құндылықтарын өнер арқылы насихаттау. Балалардың санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ерте жастан сіңіру, оларды парасаттылық пен жауапкершілікке баулу.

– Әрбір салынған сурет – әділ қоғамға деген көзқарастың, таза болашаққа деген сенімнің көрінісі, – деген ұйымдастырушылар өскелең ұрпақтың бойында адалдық пен әділдік қасиеттерін қалыптастыруды мақсат еткен шараның маңыздылығына тоқталды.

Жас суретшілер байқауына өнер мектебінің оқушылары ерекше құлшыныспен қатысты. Олар өз туындыларында жемқорлықтың қоғам дамуына тигізер орасан зиянын, айла-шарғының зардабын бейнелеп, сонымен қатар адал еңбектің қадірі мен әділетті қоғамның келбетін қылқалам құдіретімен жеткізе білді. Көрмеге қойылған әрбір жұмыс – жас жеткіншектердің жүрегінен шыққан, қоғамды тазалыққа шақырған өзіндік үндеуі іспетті қабылданды.

Балалардың шығармашылық талпынысы мен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Байқау жеңімпаздары «Ақжүрек-Кеген» қоғамдық бірлестігі атынан арнайы Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беріп, құқықтық сауаттылығын арттыратын мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғаса беретін болады.

Кеген ауданы

Кеңесбай ҮШБАЕВ



Белгілі ғалым, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Профилактикалық медицина академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген фармацевті, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты **Кеңесбай Үшбаев** 87 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Кеңесбай Үшбайұлы 1940 жылы Еңбекшіқазақ ауданы, Асысаға ауылында туған. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің түлегі. Львов мемлекеттік медицина институтының аспирантурасын бітірген. Оның есімі Қазақстанның фармацевтика саласымен тығыз байланысты. Кеңесбай Үшбайұлы тарихта фармацевтика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болған тұңғыш қазақ ретінде қалды. 1983 жылы ол Орталық Азиядағы фармацевтика ғылымдарының алғашқы докторы және Кеңес одағындағы он екінші доктор атанды. Бұл жетістік отандық фармацевтика ғылымының дамуы мен ұлттық ғылыми кадрларды даярлау ісіндегі маңызды кезең болды.

Әр жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтында ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректор, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас дәріхана басқармасы бастығының орынбасары, бастығы, Алматы мемлекеттік медицина институты Шымкент қалалық бөлімшесінің ректоры,

Шымкент фармацевтика институтының ректоры, «Қазфармбиоөнеркәсіп», «Фармация» мекемелерінің президенті қызметтерін атқарды.

Кеңесбай Үшбаевтың негізгі ғылыми еңбектері фармация, сот ісіндегі химия мәселелеріне арналған. Қазақстанда фармация ісін ұйымдастыру мәселелерін зерттеп, бірқатар дәрілік өсімдіктің химиялық құрамы мен емдік қасиеттерін анықтаған. 150-ден астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде, 6 кітаптың авторы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің депутаты болды.

Кеңесбай Үшбайұлы студенттік жылдарының өзінде ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленіп, Алматы медицина институтының комсомол комитетін басқарды. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Львов мемлекеттік медицина институтының аспирантурасында білімін жалғастырып, токсикологиялық химия саласы бойынша диссертациясын қорғады. 1968 жылы өзі білім алған институтқа, фармацевтикалық істі ұйымдастыру және экономикасы кафедрасына оралып, ассистенттен кафедра меңгерушісіне дейінгі еңбек жолынан өтті. Ол білім беру үдерісін жетілдіруге, профессор-оқытушылар құрамын даярлауға және оқу-әдістемелік жұмысты дамытуға атсалысты. Оның ең басты жетістіктерінің бірі – фармация саласында өзіндік ғылыми мектеп қалыптастыруы. Профессор Кеңесбай Үшбаевтың ғылыми зерттеулері фармацевтикалық және токсикологиялық химияны, дәрілік заттар мен олардың метаболизмін зерттеуді, сондай-ақ фармацевтикалық істі ұйымдастыру мәселелерін қамтыды. Алматы медицина институты химия кафедрасы жанынан дәрілік препараттардың қауіпсіздігін зерттеумен айналысатын зертхана құрды.

Кеңесбай Үшбайұлы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып фармацевтикалық мамандықтар бойынша диссертациялық кеңес құрды және кейіннен оның жұмысына жетекшілік етті. Оның жетекшілігімен және ғылыми кеңесшілігімен 24 ғылым кандидаты мен 3 фармацевтика ғылымдарының докторы даярланды. Шәкірттерінің көпшілігі ұстаз қалыптастырған ғылыми мектепті ары қарай жалғастырып келеді. Оның зерттеулері мен көпжылдық педагогикалық қызметі республикадағы фармацевтикалық білім берудің ғылыми әлеуетін нығайтуға зор үлес қосты.

Кеңесбай Үшбайұлының еңбек жолы мемлекеттік басқару ісімен де тығыз байланысты. Оның басшылығымен республиканың дәріхана желісі дамып, халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету жүйесі жетілдірілді. Ғалым дәріханаларға басшылық еткен жылдарында Қазақстанның дәріхана қызметі Бүкілодақтық социалистік жарыстың қорытындысы бойынша сегіз рет КСРО-дағы үздік қызмет деп танылды.

Кеңесбай Үшбайұлы фармацевтика саласын дамытуға сіңірген еңбегі үшін КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген фармацевті атанды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, ғылыми және кәсіби ұйымдардың жұмысын дамытты.

Кеңесбай Үшбайұлының есімі әріптестері мен шәкірттерінің, сондай-ақ оның ғылым мен білімге адал қызметін үлгі тұтатын студенттердің жадында мәңгі сақталады. Ғалымның жарқын бейнесі, өнегелі өмір жолы мәңгі ұмытылмайды. Марқұмның жаны жаннатта, топырағы торқа болсын.

Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы белгілі ғалым, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор

Кеңесбай ҮШБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жоба атауы: «Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кіші Дикан ауылы үшін газ жеткізу құбырын және газ тарату желілерін салу».
Қамту аймағы: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кіші Дикан ауылы.
Маршрут басы 4817102.28, 455667.11
Маршруттың соңы 4816666.84, 455995.94
Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 желтоқсанда сағат 12.00-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кіші Дикан ауылы, М.Таипов ОМ., Мажурунов Н., 2 мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде өткізіледі.
Карантиндік шаралар, төтенше жағдай енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар «ZoomVideoCommunication» бағдарламасы арқылы өткізілетін болады.
Zoom конференциясына қосылу
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=85741146454
Конференция идентификаторы: 507 125 6769
Кіру коды: pX4NA6
Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және ТКШ басқармасы» ММ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриялық, 16/4. БСН 070340007228
Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қ., Снайперский тұйық көшесі, 4, тел: 8-727-293-84-49, электрондық пошта мекенжайы: astanakatek@mail.ru
Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz
Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100 электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.
Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаев қ., 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

Наименование проекта: «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей с.Малый Дихан Уйгурского района Алматинской области».
Территория воздействия: с.Малый Дихан Уйгурского района Алматинской области.
Начало трассы 4817102.28, 455667.11
Конец трассы 4816666.84, 455995.94
Общественные слушания будут проводиться в форме открытых собраний 23 декабря 2026 года в 12:00, по адресу: с.Малый Дихан Уйгурского района Алматинской области, М.Тайпов ОМ, Н.Мажурунов, 2.
В случае введения карантинных мер, чрезвычайного положения общественные слушания будут проходить посредством программы «ZoomVideoCommunication».
Подключиться к конференции Zoom
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=85741146454
Идентификатор конференции: 507 125 6769
Код доступа: pX4NA6
Реквизиты и контактные данные инициатора: ГУ «Управление энергетики и ЖКХ Алматинской области», Алматинская область, г.Конаев, Индустриальная, 16/4. БИН 070340007228
Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «КАТЭК», 050010, г.Алматы, пер. Снайперский, 4, тел: 8-727-293-84-49, адрес электронной почты: astanakatek@mail.ru
Материалы проекта размещены на сайте: ndbecology.gov.kz
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100
Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz, а также ГУ Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, г.Конаев, 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

Жоба атауы: «Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кетпен ауылы үшін газ жеткізу құбырын және газ тарату желілерін салу».
Қамту аймағы: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кетпен ауылы.
Маршрут басы 4812263.49, 447035.96
Маршруттың соңы 4812093.68, 447248.73
2026 жылғы 23 желтоқсанда сағат 15:00-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кетпен ауылы, М. Жәлилов көшесі, 34 мекенжайында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.
Карантиндік шаралар, төтенше жағдай енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар «ZoomVideoCommunication» бағдарламасы арқылы өткізілетін болады.
Zoom конференциясына қосылу
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=81659299283
Конференция идентификаторы: 507 125 6769
Кіру коды: pX4NA6
Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және ТКШ басқармасы» ММ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриялық, 16/4. БСН 070340007228
Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қ., Снайперский тұйық көшесі, 4, тел: 8-727-293-84-49, электрондық пошта мекенжайы: astanakatek@mail.ru
Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz
Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100 электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.
Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаев қ., 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

Наименование проекта: «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей с.Кетпень Уйгурского района Алматинской области».
Территория воздействия: с.Кетпень Уйгурского района Алматинской области.
Начало трассы 4812263.49, 447035.96
Конец трассы 4812093.68, 447248.73
Общественные слушания будут проводиться в форме открытых собраний 23 декабря 2026 года в 15:00, по адресу: с.Кетпень Уйгурского района Алматинской области, ул.М.Жалилов, 34.
В случае введения карантинных мер, чрезвычайного положения общественные слушания будут проходить посредством программы «ZoomVideoCommunication».
Подключиться к конференции Zoom
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=81659299283
Идентификатор конференции: 507 125 6769
Код доступа: pX4NA6
Реквизиты и контактные данные инициатора: ГУ «Управление энергетики и ЖКХ Алматинской области», Алматинская область, г.Конаев, Индустриальная, 16/4. БИН 070340007228
Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «КАТЭК», 050010, г.Алматы, пер. Снайперский, 4, тел: 8-727-293-84-49, адрес электронной почты: astanakatek@mail.ru
Материалы проекта размещены на сайте: ndbecology.gov.kz
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100
Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz, а также ГУ Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, г.Конаев, 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

Жоба атауы: «Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Үлкен Дикан ауылы үшін газ жеткізу құбырын және газ тарату желілерін салу».
Қамту аймағы: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Үлкен Дикан ауылы.
Маршрут басы 4816199.34, 462502.48
Маршруттың соңы 4816865.85, 461852.98
2026 жылғы 22 желтоқсанда сағат 14:30-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Үлкен Дикан ауылы, И. Бахтия көшесі (О.М. Баталханов көшесі), 27 мекенжайында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.
Карантиндік шаралар, төтенше жағдай енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар «ZoomVideoCommunication» бағдарламасы арқылы өткізілетін болады.
Zoom конференциясына қосылу
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=84432202989
Конференция идентификаторы: 507 125 6769
Кіру коды: pX4NA6
Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және ТКШ басқармасы» ММ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриялық, 16/4. БСН 070340007228
Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қ., Снайперский тұйық көшесі, 4, тел: 8-727-293-84-49, электрондық пошта мекенжайы: astanakatek@mail.ru
Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz
Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100 электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.
Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаев қ., 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

Наименование проекта: «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей с.Большой Дихан Уйгурского района Алматинской области».
Территория воздействия: с.Большой Дихан Уйгурского района Алматинской области.
Начало трассы 4816199.34, 462502.48
Конец трассы 4816865.85, 461852.98
Общественные слушания будут проводиться в форме открытых собраний 22 декабря 2026 года в 14:30, по адресу: с.Большой Дихан Уйгурского района Алматинской области, ул.Бахтиянов ОМ, И.Бахтия, 27.
В случае введения карантинных мер, чрезвычайного положения общественные слушания будут проходить посредством программы «ZoomVideoCommunication».
Подключиться к конференции Zoom
https://us05web.zoom.us/j/5071256769?pwd=UxaHA8dTMZXgdtWV6DXFlXTqdSD5Dl.1&omn=84432202989
Идентификатор конференции: 507 125 6769
Код доступа: pX4NA6
Реквизиты и контактные данные инициатора: ГУ «Управление энергетики и ЖКХ Алматинской области», Алматинская область, г.Конаев, Индустриальная, 16/4. БИН 070340007228
Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «КАТЭК», 050010, г.Алматы, пер. Снайперский, 4, тел: 8-727-293-84-49, адрес электронной почты: astanakatek@mail.ru
Материалы проекта размещены на сайте: ndbecology.gov.kz
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте astanakatek@mail.ru, 8778-810-8100
Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz, а также ГУ Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, г.Конаев, 54, тел: +7 (72772) 2-32-27, 329267eco@mail.ru

17.11.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Алатау қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныста жерлерінде (бұрынғы Іле ауданы) орналасқан «Али» құрылыс құм кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кум-стройсервис» ЖШС, БСН 030440000831, мекенжайы: Алматы облысы, Алатау қаласы, Заречный шағынауданы, Пож.Депо көшесі, 1 үй, 7 пәтер, Тел: 87077510108, askar_jai@mail.ru.
Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: priroda_alm@bk.ru, тел: 8(72772)23227, Қонаев қ., Құрылысшы к-сі 12..

С 17.11.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствия недропользования месторождения строительного песка «Али» расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Алатау (ранее Илийский район) Алматинской области.
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Кум-стройсервис», БИН 030440000831, адрес: Алматинская область, город Алатау, Микрорайон Заречный, улица Пож.Депо, дом 1, кв. 7, тел: 87077510108, askar_jai@mail.ru.
Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Местный исполнительный орган ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области»: priroda_alm@bk.ru, тел: 8(72772)23227, г.Конаев, ул. Құрылысшы 12.

17.11.2026 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласында орналасқан «Липкина Г» ЖК көмір қоймасы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Липкина Г» ЖК, мекенжайы: Алматы облысы, Есік қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 5-үй. Тел: 87773980364, bagi_zhann@mail.ru.
Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: priroda_alm@bk.ru, тел: 8(72772)23227, Қонаев қ., Құрылысшы к-сі 12.

С 17.11.2026г. в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для угольного склада ИП «Липкина Г» расположенного в г.Есик Енбекшиказахского района Алматинской области.
Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Липкина Г», адрес: Алматинская область, город Есик, ул.Ш.Уалиханова, д.5, тел: 87773980364, bagi_zhann@mail.ru.
Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Местный исполнительный орган ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области»: priroda_alm@bk.ru, тел: 8(72772)23227, г.Конаев, ул. Құрылысшы 12.

ТАБИҒАТ – ТАЛБЕСІҢІҢ!

Орманды өрттен сақтайық!

Орман – халқымыздың басты байлығы. Оны көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – ортақ міндетіміз. Сондықтан орманды өрттен қорғау ережелерін әрдайым есте сақтау маңызды.

Кез келген жағдайда қарапайым қауіпсіздік қағидаларын ұмытпаған жөн. Мәселен, сөндірілмей тасталған сіріңке немесе темекі тұқылы, құрғақ шөп пен құраған бұталардың жанында абайсыз қолданылған от – өрттің басты себептерінің бірі. Сондай-ақ арық бойында немесе шабынды алқаптарда өсіп кеткен шөп пен қамысты бақылаусыз өртеу де үлкен қауіп төндіреді.

Егер орманды өрт шарпитын болса, бұл тек табиғатқа ғана емес, бүкіл қоғамға орасан зиян келтіреді. Мұндай апат салдарынан жануарлар дүниесі зардап шегіп, сан алуан өсімдік жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан әрбір адам орманға жанашырлықпен қарап, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтауы тиіс. Ормандағы алқаптың өртенуіне себепкер болған адам табиғатқа келтірілген залалды өтеп қана қоймай, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 367-бабы және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 202, 204, 292-баптары бойынша жауапқа тартылады. Орман-тоғайда от жалынын байқасаңыз, оны дереу өшірудің әрекетін жасаңыз, егер сөндіру амалы болмаған жағдайда орман шаруашылығына, ауылдық округ әкімдігіне, аудандық полиция және өрт сөндіру бөліміне хабарлаңыздар. **Телефондары:** 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10.

«Қарадала орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Төтенше жағдайлар бөлімі

КОНФЕРЕНЦИЯ

Есік жазуы – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА!



Қазақстан археологиясының алға басуына өзіндік үлесін қосып, жыл сайын ұйымдастырылатын әрі бүгінде маңызды ғылыми алаңға айналған «Есік оқуларының» орны ерекше.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Аталған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция биыл жетінші мәрте ұйымдастырылып, «Алтын адам мұрасын зерттеу және сақтаудың өзекті мәселелері: археология, археогенетика, музейлендіру және тарихи-мәдени интерпретация» тақырыбын жан-жақты қарастырды. Конференцияны «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қытай Халық Республикасының Шэньси провинциясы археологиялық зерттеу институты бірлесіп өткізді. Басқосуға Қазақстаннан бөлек, Қытай, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркия, Италия және басқа да елдердің зерттеушілері мен ғалымдары жиналып, саладағы жаңалықтарды ортаға салды. Конференция барысында Еуразия кеңістігіндегі археологиялық зерттеулердің жетістіктері, Есік жазуының тарихы мен көне жазба мәдениетіміз, сондай-ақ Алтын адамның шетелдерде зерттелуі мен тарихи мұраны халықаралық деңгейде таныту мәселелері талқыланды.

Іс-шара «Қазақстан – Қытай: археологиялық мұраны сақтау жолындағы ынтымақтастық» атты көрменің ашылуымен басталды. 2025-2026 жылдары «Есік» музей-қорығы мен Шэньси провинциясы археологиялық зерттеу институтының ынтымақтастығы нәтижесінде қайта қалпына келтірілген жәдігерлер экспозицияға қойылып, жиналған көпшілікке таныстырылды.

Конференцияның алғысөзінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Қанат Ысқақовтың құттықтау лебізін «Есік» музей-қорығының директоры Әзімхан Қойлыбаев қатысушыларға жеткізді.

Құттықтауында Қанат Жұмабайұлы Алтын адам феноменін, Есік жазуын және көшпенділер мәдениетін кешенді зерделеудің маңызына тоқталып, екі ел мамандарының бірлескен еңбегінің нәтижелеріне жоғары баға берген. Бұдан кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақау университеттің басқарма төрағасы – ректоры Болат Тілептің құттықтауын оқыды.

Конференцияның пленарлық отырысына Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан, Италия ғалымдарымен қатар, отандық зерттеушілер де баяндама жасап, Есік жазуының шығу тегі мен ғылыми маңызы, ежелгі түркі жазба ескерткіштері және сақ дәуірінің археологиялық құндылықтары жөніндегі зерттеулерін ортаға салды.

Әзербайжандық ғалым Фирудин Джалилов Есік жазуының тіліне тоқталса, зерттеуші Дин Янь Қытай жазба деректеріндегі Үйсіндер туралы мәліметтерге қатысты зерттеулерін таныстырды. Түркістандық ғалым Бекжан Орынбай Есік жазуының тарихи және картографиялық маңызы жөніндегі ғылыми пайымдарын ұсынды. Белгілі реставратор Қырым Алтынбеков «Алтын адам» бейнесін қайта жаңғырту жұмыстарының ерекшеліктері мен оның қазіргі қоғамдағы мәдени ықпалы туралы баяндады. Ал А.Мектептегінің қорытынды баяндамасында Сақ қорғандарының тоналу себептері мен Есік жазуының оқылу мәселелері қарастырылды.

Конференция қорытындысына сай қатысушылар арнайы қарар қабылдады. Қабылданған ұсынымдарды іске асыру археология ғылымын дамытуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, мәдени мұраны зерттеу мен сақтаудың заманауи әдістерін енгізуге ықпал ететініне сенім білдірілді.

Бет қатталып жатқанда:
Қазақстан ұсынған қос бірдей мұрамыз – Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы түркі руна жазуы және Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің баспа басылымдары жинағы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» бағдарламасының Азия-Тынық мұхиты өңірлік тізіліміне енгізілгені туралы жағымды жаңалық келіп жетті. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Ұлттық мұрамыздың әлемдік деңгейде мойындалуы – тарихи жетістік!

ТҰСАУКЕСЕР

ШЕЖІРЕ ҚАЗАҚТЫ БІРІКТІРЕДІ

Саясаттану, тарихи жады, математикалық модельдеу және өркениеттерді жүйелі зерттеу бағыттарын тоғыстыратын бұл еңбек пәнаралық ғылыми туынды болып есептеледі. Кітаптың таныстырылымы мен тұсаукесер рәсімін Қазақстан мәдениетінің ғылыми зерттеу институты, Мәдениеттерді өзара әрекеттестіру орталығы мен Алматы облысы Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» музейі ұйымдастырды.

Ғылыми еңбектің авторы Жақсылық Сандықалиұлының ғылым саласындағы ізденістері өркениеттер арасындағы өзара байланыстың терең құрылымдарын, саяси сенімнің өзгеру динамикасын, мемлекеттердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетіктерді және түркі қоғамдарының тарихи даму заңдылықтарын анықтауға бағытталған. Жақсылық Құсайынов – Шежіре тұжырымдамасы мен әдіснамасының авторы, философия докторы (PhD), Вашингтон университетінің профессоры. Ол әзірлеген Шежіре медиациясының әдістемесі өзектілігін сақтап, ұрпақаралық және отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың деңгейін төмендетуге бағытталған өңірлік пилоттық жоба аясында қолданылуы мүмкін.

Жақында АҚШ-та тұратын әйгілі ғалым Жақсылық Құсайыновтың «Шежіренің институционалдық архитектоникасы: дала құқығы мен графтық модельдерден түркі әлемінің макроөркениеттік синтезіне дейін» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бұл еңбек ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК «Қазақстан мәдениетінің ғылыми зерттеу институты» филиалы мен «Мәдениеттерді өзара әрекеттестіру орталығы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен жарық көрді.



Бұл кітап – шежіре құбылысын ұзақ жыл бойы терең әрі жүйелі зерттеудің жемісті нәтижесі. Еңбекте шежіре этнографиялық жәдігер немесе ата-бабалар есімдерінің қарапайым тізбесі ретінде емес, мемлекет пен халықтың әлеуметтік-қоғамдық қатынасының бөлінбес іргетасы тұрғысынан қарастырылады. Шежіре – мыңдаған жыл бойы көшпелі өркениеттің өміршеңдігін, тұтастығын және өркендеуін қамтамасыз еткен, көзге көрінбейтін, бірақ қуатты «операциялық жүйе». Шежіре-медиация әдістемесі – отбасылық және ұрпақаралық жанжалдарды шешуге арналған, ғылыми негізделген әрі мәдени дәстүрден бастау алатын төл құрал. Ол мынандай екі арнаның тоғысында жасалған:

1. Клиникалық психология, әлеуметтану, когнитивтік ғылым және жүйелер теориясының қазіргі жетістіктері;

2. Қазақ қоғамының тереңнен тамыр тартқан дәстүрлері мен ғұрыптары; билер институты, «Көже кешірім» ғұрпы және «Жеті ата» қағидасы.

Әлемде таңғажайып бұл әдістеменің еш баламасы жоқ көрінеді. Ол Қазақстанда жасалған мүлде жаңа, бірегей өнім. Әдістеме адамдардың бір-бірінен оқшауланауына және өзара байланыстарының үзілуіне жиі алып келетін батыстық отбасылық терапия тәсілдерінің көшірмесі емес. Ал бұл тәсілдердің салдарынан Батыс Еуропа елдерінің қандай зардап шегіп жатқанын бүгін көріп отырған жоқпыз ба?! Автор ұсынып отырған әдістеме адамды өктемдік пен пайдакүнемдіктен ар-ожданға, тарихи жадыға және әулет алдындағы жауапкершілікке бет бұрғызатын «мағыналық тірек» қызметін атқарады. Соның нәтижесінде «Мен саған қарсымын» деген ұстаным «Біз ата-бабаларымыз бен ұрпағымыз алдында жауаптымыз» деген түсінікке айналады. Осыған байланысты еңбекте нақты өңірлік пилоттық жобаны ұйымдастырушылық тұрғыдан қолдау үшін әкімдік, отбасы және жастар істері жөніндегі басқарма, «Жігер» өңірлік хабтары және жетекші медициналық әрі гуманитарлық жоғары оқу орындары өкілдерінің қатысуымен ведомствоаралық үйлестіру кеңесін құру ұсынылған. Сондай-ақ пилоттық алаңдар бөлу (емханалардағы кабинеттер, әлеуметтік көмек орталықтары, қоғамдық қабылдау орындары), мамандар даярлау, отбасын қолдау ға арналған «Цифрлық шежіре» модулін әзірлеп, іске қосу көзделеді.

«Шежіренің институционалдық архитектоникасы: дала құқығы мен графтық модельдерден түркі әлемінің макроөркениеттік синтезіне дейін» кітабы – отбасылық және әулеттік терапияның қазақстандық мектебін қалыптастыруға жасалған батыл қадам. Бұл пилоттық жобаның Қазақстанда табысты жүзеге асуы болашақта түркі әлемі елдеріне ғана емес, бүкіл халықаралық қоғамдастыққа қызықты әрі сұранысқа ие боларлық үлгі қалыптастырары анық. Біз әлемге жергілікті дәстүрді ғана емес, ата-текке құрметпен қарауға негізделген, үзілген байланыстарды қалпына келтірудің әмбебап тетігін ұсына аламыз.

Жиынға модераторлық жасаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» Қазақстан мәдениетін ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, «Мәдениеттердің өзара әрекеттесу орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Үмітхан Мұңалбаева мен Алматы облысындағы «Анаға құрмет» музейінің меңгерушісі Гүлнар Әбіш ханымдар онлайн және оффлайн тәсілінде қатысушылардың өз ойларын кең-молынан ортаға салуына ықпал жасап, өздерінің де қызықты ақпараттарын жеткізіп отырды.

Zoom платформасы арқылы жиынға онлайн қатысқан кітап авторы Ж.Құсайынов, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту» қоғамдық қорының президенті З.Батталова, Құрылтай депутаты Ш.Пулатов шежіре туралы ойларын ортаға салып, өзекті мәселелер көтерді. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қансейіт Әбдезұлы, экономика ғылымдарының кандидаты Гүлнара Аннақұлиева, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы Арман Айыпбекқызы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыка өнері» кафедрасының доценті Жайдаргүл Қазыбекова, саясаттану ғылымдарының докторы Арын Орсариев, өлкетанушылар М.Тәттібеков, Б.Сәрсенбаев, Д.Телібеков, Э.Мұсылманқұлова, «Анаға құрмет» музейінің іргетасын қалаушы мемлекет және қоғам қайраткері, полиция генералы А.Шпекбаев, тағы басқа азаматтар айтулы еңбек туралы құнды пікірлерін ортаға салып, авторға деген ізгі тілектерін білдірді.

Осылайша Жақсылық Құсайыновтың «Шежіренің институционалдық архитектоникасы: дала құқығы мен графтық модельдерден түркі әлемінің макроөркениеттік синтезіне дейін» кітабы қалың оқырманға, қоғамдық пікір көшбасшыларына, халық дәстүрін сақтап, дамытушыларға, ғалымдарға, мемлекет қызметкелеріне, өлкетанушыларға, жастар мен студенттерге жол тартты.

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

ЖӘДІГЕР

Үш қырында – үш мұлға

Биыл Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалды музейінің ашылғанына 30 жыл толып отыр. Осыған орай музейге арнайы сый ретінде табысталған үш қырлы торсықтың да сақталғанына дәл осындай уақыт өтті. Сондықтан бұл жәдігерді музейдің отыз жылдық тарихымен сабақтасып жатқан құнды мұра ретінде бағалауға болады.



Жәдігердің өлшемі – 63х30 см. Негізгі материалы – бұзау терісі, жасалу техникасы – қол жұмысы. Үшбұрышты тұғырға қойылған торсықтың үш қыры таспаланып, жиектері мұқият көмкеріліп тігілген. Жоғары жағында мойын тәрізді тік орналасқан бөлігі бар. Онда металл түсті жиекпен бекітілген қақпақ орналасып, оның үстінде бұйымды сәндеп тұрған ерекше өрнекті тұтқа тәрізді бөлік көрінеді. Бұл элемент торсықтың жалпы композициясын толықтырып, оны жай ғана сусын құятын ыдыс емес, сәндік-қолданбалы өнер туындысы ретінде көрсетеді.

Торсықтың түсі негізінен қоңыр, қара қоңыр, сарғыш-қоңыр реңктерден тұрады. Терінің табиғи фактурасы жақсы сақталған. Екі бүйіріндегі жоғары қарай иіліп, мүйіз тәрізді қалыпта жасалған бөліктері ерекше назар аудартады. Бұл иірімдер қазақтың дәстүрлі ою-өрнек мәдениетімен үндеседі. Олар бұйымның барлық бөлігін өзара байланыстырып, біртұтас көркемдік шешім қалыптастырған.

Бұл жәдігердің ең басты ерекшелігі – оның үш қырында қазақтың әйгілі ақындары бейнеленген. Бірінші қырында Сүйінбай Аронұлының келбеті байсалды әрі ойлы сипатта берілген. Айналасына сәндік өрнектер түсіріліп, портрет сопақша медальон тәрізді композицияның ішіне орналастырылған. Екінші қырында Жамбыл Жабаевтың бейнесі орын алған. Сүйінбайды пір тұтып, оның батасын алған Жамбыл қазақтың суырыпсалма ақындық дәстүрін жаңа биікке көтерді. Сондықтан бұл екі тұлғаның бір жәдігерде қатар орналасуы – қазақтың айтыс өнеріндегі рухани жалғастықтың көркем белгісі. Үшінші қырындағы Жамбылдың шәкірті Кенен Әзірбаевтың бейнесі жәдігердің мазмұнын одан әрі кеңейтіп, үш дәуірдің, үш буынның өнер сабақтастығын көрсетеді.

Ақындар бейнесі қарапайым жазық сурет түрінде емес, тері бетіне бедерлі түрде түсірілген. Соның арқасында адамның бет әлпеті, сақалы, киім үлгісі және жалпы тұлғасы белгілі бір дәрежеде көлемді көрінеді. Бұл – шебердің терімен жұмыс істеу техникасын жақсы меңгергенін көрсететін белгі.

Үш қырлы торсықтың құндылығы оның материалынан немесе жасалу шеберлігінен ғана көрінбейді. Оның ең басты ерекшелігі – тарихи оқиғамен және қазақтың үш бірдей көрнекті өнер тұлғасымен сабақтастығында.

Тұғыр мен торсықтың бірге жасалғандай әсер қалдыруы жәдігердің жалпы композициялық тұтастығын сақтайды. Тұғырдың екі бүйірінде төмен қарай салбырап тұрған сәндік шашақтар мен баулар бар. Олар бұйымға этнографиялық сипат беріп, дәстүрлі сәндеу элементтерін еске түсіреді.

Торсыққа тереңірек үңілген сайын оның сыртқы әсемдігінен бөлек, ішкі идеясы да айқындала түседі. Сүйінбайдан Жамбылға, Жамбылдан Кененге жалғасқан ақындық, әншілік, жыршылық өнер – халқымыздың рухани қазынасының үзілмес арнасы.

Уақыт өткен сайын мұндай жәдігерлердің құндылығы тек материалдық тұрғыдан ғана емес, тарихи жадыны жаңғыртып, ұлттық рух пен мәдени мұраны сақтаудағы маңызы жағынан да арта түсетіні анық.

Қарлығаш МҮШІРОВА,
Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалды музейінің ғылыми қызметкері
Жамбыл ауданы

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН	8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жанһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223«В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 2584

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ